# Сыр бойы

7 желтоқсан сенбі | 2013 жыл № 182-183 (18681-18682) | Қызылорда облыстық газеті | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | www.syrboyi.kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

**Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күнін мерекелеуге орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына қазақстандық және шетелдік саяси және іскерлік топтардан, мемлекет және қоғам қайраткерлерінен, кәсіпорындардың ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардан, жекелеген азаматтардан көптеген құттықтаулар келіп түсті.**

Құттықтауларда республикамыздың өз әлеуетін жүзеге асырып, өркендеуші елге айналуына себепкер болған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің халықаралық саясаттағы және біздің мемлекетіміздің қарқынды дамуындағы баға жетпес рөлі атап көрсетілген.

***

**Бейсенбі күні Мемлекет басшысы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы В.Школьникті қабылдады.**

Мемлекет басшысы ұлттық компанияның бірқатар бағыттар бойынша, атап айтқанда, атом стансалары үшін құрастыру өндірісімен, баламалы энергетика және сирек кездесетін кен өнімдерімен байланысты қызметін күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ, кездесу барысында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ жетекшісі Мемлекет басшысын Қазақстанның әлемдік өндірудің 37 %-ын қамтамасыз ете отырып, әлемдегі уран өндіру саласында көшбасшылық позициясын ұстап келе жатқаны жайында хабардар етті. Бұл ретте компания қаржылық орнықтылығы мен даму қарқынын сақтап, инвестициялық бағдарламасы мен әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындап келеді. 2010 жылдан бері әлеуметтік саланың дамуына 37 млрд.-тан астам теңге бөлінген.

Кездесу қорытындысында Қазақстан Президенті жаңартылатын энергетика және сирек кездесетін кен өнімдерін өңдеу саласындағы компанияның қызметінде жаңа инновациялық технологияны қолдану жөнінде нақты тапсырмалар берді.

# ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАУҺАРЫ – «ШАҺНАМА»

**Түркі өркениеті мен Оғыз мәдениетінің мәртебесіне айналған «Шаһнама» – қазақ халқының әдеби мұрасына қосылған құнды тәбәрік.**

**Сенбі күні Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында республикалық жыр-дастан орындаушылардың «Шаһнама» – Оғыз мәдениетінің жауһары» атты фестивалі болып өтті.**



Жыраулар сайысын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өзінің құттықтау сөзімен ашып берді.

– «Сыр елі – жыр елінде» бүгіннен бастап «Шаһнаманың» музыкалық-эпикалық жаңа ғұмыры басталды. Ұлт мақтанышына айналған ұлы шығарма жырауларымыздың орындауында 48 дискіде 1000 дана болып шығарылып, мәдени мұрамызға қосылған тағы бір құнды дүние болмақ. Бұл бүкіл түркі халықтарына ортақ мәдени мұралардың кеңінен зерттелуіне тың серпін болары сөзсіз. Ежелгі өркениет ордасы – Сыр өлкесінде «Шаһнама» дастан - эпопеясының қайта жаңғырып, халқымен қайта табысқан күні баршаңызға құтты болсын! – деген аймақ басшысы, Тәуелсіздік күні қарсаңында елордасы Астанада «Шаһнаманың» ұлықталатынын айтты.

Атақты Фирдоуси жырлаған, тамыры бір түркі мәдениетіне ортақ қазына «Шаһнама» дастаны түркі халықтарының тарихын зерттеуде құнды әдеби еңбек болып табылады. Осы ұлы шығарманы қазақ тілінде сөйлеткен ақын Тұрмағамбет пен оған ұсыныс жасаған мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт мәдениетінің жанашыры Темірбек Жүргеновтің Сыр перзенттері екені – зор мақтаныш.

Облыс әкімінің ұйытқы болуымен ұлы мұраның аудиоэнциклопедиялық антологиясын шығару идеясының авторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, жырау Алмас Алматов фестивальға келген жырауларды таныстырып өтті.

- «Шаһнама» – құдіретіңнің құндағы,
Шырай көрік салтанатың Сырдағы.
Тұңғыш рет «Шаһнаманы» мақамдап,
Сүлейлердің ұрпақтары жырлады – деп, еліміздің әр аймағынан келген, жыршылар Сардарбек Қожағұлов, Амандық Көмеков, Аманкелді Сәнкібаев, Бисенбек Төлеубаев, Сыр елінен Бидас Рүстембеков бастаған Құрманбек Бекпейісов, Майра Сәрсенбаева, Серік Жақсығұлов, Шолпан Бәйімбетова сынды жыраулармен қатар жас буын өнерпаздар да жырдан шашу шашты.

Сыр сүлейі, жыр жампозы Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 34911 жолдан тұратын Шығыстың жеті алыбының бірі саналған Фирдоусидің «Шаһнамасы» еліміздің танымал 22 жыршыларының әдемі мақам-саздары арқылы орындалып, бүгінгі ұрпаққа баға жетпес тарту жасалды.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

## ● ОБЛЫСТЫҚ СОТҚА –75 ЖЫЛ

# ӘДІЛДІКТІҢ САРА ЖОЛЫНДАҒЫ БИІК БЕЛЕСТЕР

Қазақстан Республикасындағы үшінші билік–сот билігі. Сот билігінің мемлекетіміздің құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы үшін маңызы өте зор. Бүгінде егеменді еліміздің сот саласы қауқарлы да қуатты, тәуелсіз біртұтас жүйеге айналып келеді. Қазақстандағы әділеттіліктің салтанат құруы мен тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасу жолында көптеген жұмыстар атқарылғаны белгілі. Оның ішінде республика сот жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде Қызылорда облыстық сотының да үлесі бар. Студенттер сарайында өткен салтанатты шарада облыстық соттың 75 жылдық мерейтойында саланың белесті жылдары мен зор жетістіктері паш етілді. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Жоғарғы Соттың судьясы Қалидолла Шаухаров қатысты.

Облыста сот билігінің жаңа тарихи кезеңі 1938 жылдан бастау алады. Осы уақыт аралығында біршама жұмыстар жасалды, тарихтың беттеріне тың жаңалықтар енді. Салтанатты шарада аймақ басшысы облыс судьяларын мерейлі мерекелерімен құттықтады.

–Жақында ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Астана қаласында Қазақстан судьяларының VI съезі өткені мәлім. Сол алқалы жиында президент елдің алдағы уақыттағы сот жүйесі дамуының нақты бағыттарын саралап берді. Ұлт көшбасшысы өз сөзінде: «Соттың абыройы – Қазақстанның абыройы» деген болатын. Өткен тарихымызға көз жүгіртіп, бізге жеткен деректерге зер салсақ, қазақ халқында далалық демократияға негізделген билер институты болғанын білеміз. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздері ұлттық тәрбиеде жатқанын көрсетеді. Қай кезде де қазақ халқы орақ тілді, от ауызды, қара қылды қақ жарған әділ билерін, шешендері мен ақындарын қадірлеген. Олар айтқан кесімді сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, тұтас бір халықтық даналық мекеніне айналды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Мөңке би, Жетес билер туралы әңгімелер тарихымыздың төрінен орын алса, олардың ақыл сөздерін ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалды. Қай заманда да халық әділдікті ту еткендерді жақтаған. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген даналық сөз осыдан қалса керек,–деді облыс әкімі. Мұнан кейін облыстық сот ғимаратының жөндеу жұмыстарына қаржы бөлінгенін, Қармақшы аудандық сот ғимаратының жаңадан пайдалануға берілгенін айтты. Сонымен қатар, жаңа жыл қарсаңында 3 қызметтік пәтер берілсе, келер жылы 6 автокөліктің кілті табыс етілетінін жеткізді.



Салтанатты жиынға арнайы келген ҚР Жоғарғы соттың судьясы Қалидолла Шаухаров аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлына Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәмидің атынан зор алғыс білдіріп, облыстық сот қызметкерлеріне екі темір тұлпардың кілтін табыстады.

Мерейлі мерекеде сот әділдігін жүзеге асыруда жақсы жетістіктерге жеткен азаматтар облыс әкімінің, ҚР Жоғарғы Сотының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен, «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, «Үш би» белгісімен марапатталды. Шара соңы ән-жырға ұласты.

**Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**

# ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ – БАСТЫ МҰРАТ

● МӘЖІЛІС

**Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен дағдарысқа қарсы штабтың кезекті басқосуы болып өтті.**

Жиынды ашқан аймақ басшысы елімізде, оның ішінде облыста жалпы экономикалық ахуалдың қалыпты деңгейде екендігіне тоқталды.

Биылғы жылдың 10 айының көрсеткіші бойынша Қазақстандағы жалпы ішкі өнім 5,8 пайызға өссе, жыл соңына дейін аталған көрсеткіш 6 пайызды құрайды деп күтілуде. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,3 пайызға өскен. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 8 пайызға артып отыр.

Аймағымыздың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері де тұрақты дамып келеді. Алайда, ғаламдық экономикада экономикалық өсімді бәсеңдету үрдісі сақталуда. Бұл өз кезегінде дағдарысқа қарсы сақтандыру шараларын қабылдау қажеттігін тудырады.

Үкіметтің тапсырмасына сәйкес облыста көп деңгейлі дағдарысқа қарсы әрекеттің 2014-2016 жылдарға арналған қадамдық жоспары бекітіліп, дағдарысқа қарсы штаб аймақтың барлық аудандарында құрылды. Бұл жоспар қаржылық және әлеуметтік секторларды тұрақтандыру және нақты экономикалық секторды қолдау мақсатында жедел әрекетті қамтиды.

Басқосуда облыс әкімі Қ.Көшербаев қала және аудан әкімдеріне, облыстық басқармалар мен аумақтық департамент басшыларына аталған шаралардың мүлтіксіз орындалуын тапсырды. Бұған дейін де аймақ басшысы әр деңгейлі әкімдердің жұмыстары басты үш өлшеммен: тұрақты жұмыс орындарын ашу, салық салу базасының нәтижелі кеңеюі және әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етумен өлшенетінін айтқан еді. Сондықтан да штаб отырысының күн тәртібінде тұрақты жұмыс орындарын құру мәселесі талқыланды.

– Жұмыссыздықты біз орта республикалық көрсеткіш (5,2%) деңгейінде ұстап отырмыз. Үстіміздегі жылы кәсіпорындарға шетелдік жұмыс күшін тартуды 2 есеге азайттық, – деді облыс әкімі.

Шағын бизнестің даму қарқыны төмен болғандықтан тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтитын үлкен жобалар керектігіне тоқталған аймақ басшысы аталған жұмыстың нәтижелі болуы әрбір жеке адам мен аймақтың әл-ауқатын көтеретінін атап көрсетті.

Жиын соңында аймақ басшысы барлық әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері мен дағдарысқа қарсы іс-әрекеттерді орындауды қала, аудан әкімдеріне және тиісті мемлекеттік мекемелердің басшыларына тапсырды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 22 сессиясы 2013 жылғы 18 желтоқсанда сағат 15.00-де облыстық мәслихат аппаратының мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысының 2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын бекіту туралы.
2. 2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
3. 2014-2016 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы.
4. «2011-2015 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму бағдарламасын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2011 жылғы 9 ақпандағы №273 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.
5. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы.
6. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2013 жылғы 18 желтоқсанда сағат 9.30-да, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 11.00-де өткізіледі.

**Облыстық мәслихат.**

## ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Облыстық прокуратурада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай «Президент және құқықтық Қазақстан» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстел отырысына облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов төрағалық етіп, мерекенің маңызына тоқталды. Мерекеге орай облыс прокурорының алғысы облыстық прокуратураның басқарма прокуроры Әділжан Казеновке, Қызылорда қаласы прокурорының аға көмекшісі Зураб Гичиевке, Сырдария ауданы прокурорының көмекшісі Артур Баймахановқа және 1-ші сыныпты заңгер кезекті сыныптық шені Фараби Ұзақовқа табыс етілді.

***

Облыстық құрылыс басқармасының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесін атап өтті.

Басқарма басшысы Сержан Нәметша қызметкерлерді аталмыш мерекемен құттықтап, мерекенің мәні мен маңызы туралы баяндап берді. Мереке үстінде мемлекеттік қызметке жаңадан кірген қызметкер Қазақстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антын қабылдап, жаңадан қызметке тағайындалған қызметшілерге қызметтік куәліктер тапсырылды.

***

Облыс бойынша кедендік бақылау департаментінде өткен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған шарада Елбасы өмірінің маңызды да қызықты сәттерінен құралған бейнефильм тамашаланды. «Елім менің» әні шырқалды. Департамент бастығы Н.Отаров қысқаша құттықтау сөз сөйледі, үздік қызметкерлерді марапаттады. «Бір Отан. Бір тағдыр. Бір Елбасы» тақырыбында баяндама оқылды.

***

Көліктегі Ішкі істер департаментінің Қызылорда станциясындағы ішкі істер желілік бөлімі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай және жеке құрамды патриотизмге, ұрпақ сабақтастығына тәрбиелеу мақсатында мерекелік іс-шара өткізді. Шараға ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Қазыбаев, ІІЖб бастығы полиция полковнигі Н.Омашев қатысты. Егемендік алғалы бергі Елбасы Н.Назарбаевтың сарабдал саясаты арқасында жеткен жетістіктер туралы Қорқыт ата атындағы ҚМУ доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Уәлихан Ибраев баяндама жасады.

**Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте коммуналдық мүлікті басқарудың кейбір мәселелері талқыланды. Облыстық қаржы басқармасының басшысы Қайратбек Сәрсенбаевтың хабарламасында айтылғандай, өткен жылды 17 шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын мен жауапкершілігі шектеулі серіктестік 26 млн. теңге пайдамен аяқтаса, 12 кәсіпорын мен ЖШС 448 млн. теңге зиянмен қорытындылаған.**

## ЖЫЛДЫ ШЫҒЫНМЕН АЯҚТАЙТЫН кәсіпорын болмауы керек

Жылдан зиянмен шыққандардың 97 пайызы "Қызылорда су жүйесі", "Сексеуіл су сервис", "Арал су сервис", "Жалағаш ауыз су" сияқты тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ететін кәсіпорындар. Облыс көлеміндегі акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметтеріне тоқталған хабарламашы "КРЭК" АҚ-ын сауықтыру жоспары аясында шығындар мен қарыздардың азайғанын айтты. Қазіргі таңда акционерлік қоғам жекешендірілуге жататын субъектілердің тізіміне еніп, акцияларының басым бөлігін әлеуетті инвесторға беру ұсынылып отыр. "Байқоңыр ӘКК" АҚ биылғы жылы бөлінген қаражатты облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаларға жұмсады. Алдағы уақытта бұрынғы жылдарда қалыптасқан зиянды жауып, корпорацияны пайдаға шығару жоспарлануда.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында жекешелендірудің екінші толқынын жүргізуді, стратегиялық емес субъектілерді жеке секторға беруді тапсырған болатын. Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі облыс бойынша 15 кәсіпорынды жекеге беру туралы мәселе көтерді. Энергетика басқармасы тарапынан "КРЭК" АҚ-н акциялардың басым бөлігін инвесторға беруді, қалған бағдарлама әкімшілері, қала, аудандар әкімдері кәсіпорындарды мемлекеттік секторда қалдыруды ұсынды.

Қаржы басқармасының басшысы коммуналдық кәсіпорындар, мемлекеттің қатысуы бар кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың мониторингі жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмайтынын сынға алды.

Қызметі тоқтаған мемлекеттік заңды тұлғаларды есептен шығаруға тоқсаныншы жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында таратылған кәсіпорындардың құрылтай құжаттары мен мөрлерінің болмауы, сол уақыттағы нормативтер мен талаптардың өзгеруі қолбайлау болып отыр. Қазір жеке консалтингтік компания экономикалық сот арқылы құжаттарды қалпына келтіру, заңдастыру, есеп тапсыру жұмыстарын атқаруда. Бүгінгі күні 37 мекеменің 9-ы әділет органдарынан есептен шығарылды. Қалған 28 мекеменің құжаттары аяқталу сатысында.

Сондай-ақ хабарламашы құрылысы аяқталған нысандарды теңгерімге алу мәселесіне талдау жасады. Арнайы бекітілген кестеге сәйкес 1 желтоқсанға жоспарланған 21 нысан теңгерімге алынбай отыр. Олардың 17-сі құрылыс басқармасына, 3-еуі Жаңақорған ауданына, 1-еуі облыстық жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасына тиесілі.

Теңгерімге алу мәселесі күрделі болып тұрған Ә.Тәжібаев атындағы кітапхананың насостық станциясын, жылу қазандығын және Жалағаш аудандық ауруханасының кәріз жүйесін қабылдау бойынша нақты тапсырма берілген. Сонымен қатар, иесіз қалған энергетикалық нысандарды "КРЭК" АҚ-на беру үшін тиісті құжаттар дайындалуда.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі жұмысын шығынмен аяқтайтын кәсіпорындарды қатаң бақылауға алу, колледждерді мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынға айналдыру тәжірибесін зерттеу, құрылысы біткен нысандарды теңгерімге алуды уақытылы атқару туралы тапсырмалар берді.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

## АБЫРОЙЛЫ БАСШЫНЫҢ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Өткен бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мәслихаттың депутаты болған, «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ «Қызылорда жол бөлімшесі» филиалының бұрынғы басшысы, Съезбек Әлішовті қабылдады. Қызмет барысымен Алматы қаласына ауысқан халық қалаулысына аймақ басшысы сәттілік тілеп, өңір экономикасын дамыту жолында белсенді еңбек еткені үшін облыстық Құрмет грамотасымен марапаттады.

Теміржол саласында еселі еңбек атқарып жүрген Съезбек Әлішов Сыр өңірінде де бірқатар жұмыстардың жүзеге асуына белсене араласып, халықтың ықыласына бөленіп үлгерген еді. Сайлаушылардың аманатын ақтай білген басшыны облыстық мәслихат хатшысы Бекмырза Еламанов та құттықтады. Өз кезегінде ел ағаларына алғысын білдірген С.Әлішов алдағы уақытта да ел игілігі жолында қызмет атқаратынын жеткізді.

**Мейрамгүл ОТАРАЛЫ.**

## СҮЛЕЙЛЕРДІҢ ОТАНЫ

**Ел тәуелсіздігінің 22 жылдық мерекесіне орай желтоқсанның бірінен бастап аудандардың мәдениет және өнер күндері өтуде. Осыған дейін Шиелі ауданының өнерпаздары Сыр сахнасында өнер көрсетсе, өткен бейсенбіде А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Қармақшы ауданы өнерпаздарының «Өнері өркен жайған, қасиетті Қармақшы» атты галаконцерті болып өтті. Шараға облыс әкімі Қ.Көшербаев қатысты.**

Ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы «Адай» күйінен бастау алған мерекелік шара жиналған көпшілікке жақсы көңіл күй сыйлады. Әсіресе, жыраулардың «Жыр шашуы» көрерменнің делебесін қоздырып, үлкен қошеметке ие болды. Сондай-ақ, жырау Серік Жақсығұлов, халықаралық патриоттық әндер байқауының лауреаты Ордабай Төребаев Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі Несібелі Нұрәлиева салған әуезді ән де құлақтың құрышын қандырып, тыңдармандарын елітті. Өзіндік сарынымен, дәстүрлі жыршылығымен ерекшеленетін қармақшылықтар бұл жолы да Сыр елінің жырдың елі екенін тағы да дәлелдей түсті.

– Бүгінгі концертке отбасымызбен келдік. Қармақшы киелі мекен. Шайырлар мен ақындардың дүниеге келген жері. Туған ауылымыздың жырын тыңдап бір марқайып қалдық. Мұндай шаралар жиі болып тұрса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді қала тұрғыны Оразбек Бекмаханов.

«Қармақшы біздің осындай, ырыс пен бақыт қонған жер» деп әуелеткен өнерпаздар осылайша қала тұрғындарын серпілтіп қана қоймай, елдің сүйіспеншілігіне бөленді.

**М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

## АУЫР АТЛЕТИКАДАН ҚАЗАҚСТАН КУБОГЫ




Облыс орталығындағы «Евразия» спорт кешенінде «Тұңғыш Президент күніне» арналған ауыр атлетикадан Қазақстан кубогы мәреге жетті. Бес күнге созылған жарысқа Астана, Алматы қалаларынан және облыс орталықтарынан 14 команда, 160-қа жуық зілтеміршілер өзара мықтыларды анықтады. Доданы ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, ҚР ауыр атлетика федерациясының ұйымдастыруымен және «Теміхан» ЖШС, Kazsport арнасы, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ қолдауымен өткізілді. Кубоктың құрметті қонақтары «Астана» Президенттік кәсіби клубының Президенті Б.Артаев, ҚР ауыр атлетика федерациясының вице-президенті Қ.Қабылов, ауыр атлетикадан ұлттық құраманың бас бапкері А.Ни, кеңесші-бапкер Э.Түркілери, мемлекеттік жаттықтырушы М.Тәпсірұлы, сондай-ақ, бас төрешілікке ауыр атлетикадан үш дүркін Әлем чемпионы, екі дүркін Олимпиада чемпионы, Илья Ильин шақырылды. Бұл жарыстың ерекшелігі Синклер кестесі бойынша абсолюттік жеңімпаздар анықталып, жүлдегерлер ақшалай сыйақымен марапатталды. Синклер кестесі абсолюттік чемпиондардың салмағын анықтау. Атлеттер салмақ дәрежелері бойынша сынға түспей, тек көтерген салмақ келілері бойынша ұпай арқылы есептелінді.

Айтулы кесте нәтижесінде әйелдер арасында ақмолалық Мария Грабовецкая топ жарса, шығысқазақстандық Мадина Ташкенбаева 2-орынды, алматылық Анастасия Малеева 3-орынды иеленді. Ал ерлер арасында қызылордалық Рүстем Сыбай жеңімпаз атанып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын орындады. Қалған орындарды Алматы облысының спортшысы Ермек Өміртай мен жамбылдық Аслан Арсимерзаев еншіледі. Жылдағы дәстүр бойынша 94 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанған спортшыға облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы тағайындаған 150 мың теңгенің сертификаты мен Олимпиада чемпионы Илья Ильин атындағы кубок сарапқа салынды. Бұл бәсекеде Жұмабек Абылай (Алматы қаласы) Кубок пен сертификаттың иегері атанды.

Кубок қорытындысы бойынша Қызылорда облысының ерлер командасы 192 ұпаймен көш бастады. Алматы қаласының командасы 183 ұпаймен екінші орыннан көрінсе, 120 ұпаймен Қостанай облысы үшінші орынды еншіледі. Ал әйелдер арасында Алматы қаласы (153 ұпай) жеңімпаз атанса, қалған орындарды Қостанай облысы (122 ұпай) мен Шығыс Қазақстан облысының командалары (120 ұпай) иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Олимпиада чемпиондары Бақтияр Артаев пен Илья Ильин марапаттады.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

## «ҚЫЗЫЛ АЙДЫҢ» ҚЫЗМЕТІ ҚАУЫРТ

5 желтоқсан – Дүниежүзілік еріктілер күніне орай «Қызыл ай» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел отырысы өтті.

Оған облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру, СПИД-ке қарсы күрес орталықтары мен облыстық білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының өкілдері мен бірқатар еріктілер қатысты. Басқосуда «Қызыл ай» қоғамы облыстық филиалының директоры Бибіжан Жәукебаева атаулы күннің маңызы, еріктілердің ұйым жұмысын жүргізудегі рөліне тоқталып, қоғамдық ұйымның өңірімізде атқарып жатқан жұмыстары, алдағы жоспарлары жайында айтып өтті.

Жалпы, «Қызыл ай» қоғамы Қазақстан жерінде сонау 1937 жылы құрылып, сонан бері жұмыс жасап келеді. Ал, тәуелсіз ел ретінде Президент Жарлығымен 1992 жылдан бері қызметін жалғастыруда. Соңғы жылдары «Қызыл ай» қоғамының қызмет ауқымы кеңейді. Бірқатар мемлекеттік ұйымдармен әріптестік байланыс орната отырып, түрлі шараларды атқаруда. Олардың қатарында, облыстық білім, денсаулық, ішкі саясат басқармалары мен төтенше жағдайлар департаменті де бар. Бүгінгі таңда облыстық филиал 19 бастауыш ұйым мен үш жастар клубының басын қосатын 4000-нан астам белсенді еріктілермен бірге жұмыс жасауда. Бұл орайда аудандарда да насихат жұмыстарымен белсенді айналысушы көптеген еріктілер бар. Ұйымның басты қағидасы – «Қайырымдылық күші мен гуманизмді жұмылдыра отырып осал топтағы адамдардың өмірін жақсарту». Бұл бағытта түрлі шаралар ұйымдастырылуда.

Сондай-ақ, облыстық филиал «Қазақстанда туберкулез бен ВИЧ-тің алдын алу» бағдарламасын басшылыққа ала отырып та жұмыстар атқаруда. Дөңгелек үстел отырысында аталған бағдарламаның жүзеге асырылуы туралы бағдарлама үйлестірушісі Абзал Байманов жан-жақты әңгімеледі.

Шара соңында облыстық филиал директоры Бибіжан Жәукебаева бірқатар белсенді еріктілерді қоғам атынан марапаттады. Атап айтқанда, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Руслан Чагай республикалық «Қызыл ай» қоғамының «Құрмет белгісімен» марапатталса, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Қайрат Мырзахметовке Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен бірге бірқатар еріктілерге Алғыс хаттар берілді.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

**Облыс әкімшілігінің мәжіліс залында мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы аймақтық үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Онда мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету, өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2013-2014 жылдарға арналған Жол картасының орындалу барысы талқыланды.**

# МҮГЕДЕКТЕРДІ ҚОЛДАУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

## көптеген істерге ұйтқы болды

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен хабарлама жасаған облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ж.Жылқышиева мүгедектердің өмір сапасын жақсарту бойынша өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды баян етті. Бізде бүгінде 27 мыңнан астам мүгедек жан тіркеуде тұр. Олардың 4 мыңы балалар. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту жұмыстары елдегі заңнамаларға сәйкес, мүгедекті жеке оңалту бағдарламасы негізінде жүзеге асырылуда. Мәселен, биыл Жол картасының аясында мыңға жуық жан шипажайларда ем қабылдаса, 4 мың мүгедек әлеуметтік қызметпен қамтылыпты. Сонымен қатар оларды кресло-арбалармен, балдақтармен және тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз ету жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді.

Ал, кәсіптік оңалтуға келсек, еңбекке қабілетті мүгедектерді жұмыспен қамту мәселесі өңірде өткір күйде тұр. Біздегі жұмыс беруші кәсіпорындар 3 пайыздық квота барын біле тұра мүгедектігі бар жандарға тұрақты жұмыс тауып беруге құлықты емес. Әсіресе Қазалы, Қармақшы, Сырдария және Жаңақорған аудандары ең төменгі көрсеткіш көрсетуде.

Мүгедектерді, оның ішінде кресло-арбамен жүретіндердің әлеуметтік, көлік және инфрақұрылым нысандарына кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстар да кезең-кезеңімен атқарылуда. Биыл Жол картасы аясында олардың білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, сонымен қатар, мәдениет және спорт нысандарына қолжетімділігін арттыру үшін 37,5 млн. теңге қаражат бөлінген. Ал, қоғамдық көлік мәселесіне келсек, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ «Астана Сан-Бао» ЖШС келісім-шартқа отырды. Енді қалаға Жаңа жылға дейін 20 автобус әкелінеді. Бұған қоса, кресло-арбамен жүретін 92 мүгедекке «Әлеуметтік такси» қызметін ұсынылып келеді.

Мұнан соң облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәметеков жарымжан жандарға көрсетілетін медициналық көмек туралы, облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру қызметі туралы хабарлама жасады. Кеңес мүшелері өңірде дүниеге келген балалардың арасында құлағы нашар еститін балғындардың көбейіп бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, аймақта логопед, дефектолог мамандарының жетіспейтінін тілге тиек етті. Жиын соңында Т.Годунова құзырлы орын басшыларына мүгедектігі бар жандарды жұмыспен қамту, оларға арнап арнайы спорттық диспансерлер салу, сондай-ақ, дыбыстық және жарықтық құрылғылар мен пандустар орнату және өзге де көмектерді дер кезінде көрсетуді тапсырды.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.**

# БІРТУАР ДАРЫН, ДАРА ТҰЛҒА




Кеше әдебиеттанушы-ғалым Мырзабек Дүйсеновтің 85 жылдығына орай Студенттер сарайында «Мырзабек Дүйсенов және қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Оны облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қысқаша сөз сөйлеп ашты.

– Сыр өңірінен қазақ әдебиетінің небір тарландары шыққан,– деді ол. – Әбілда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов, Зейнолла Шүкіров, Қалтай Мұхамеджанов сынды ғалым-жазушылар қатарына Мырзабек Дүйсеновті де жатқызуға болады. Аса көрнекті ғалым қазақтың әдебиеттану ғылымына зор үлес қосты, жазушылықты да қатар алып жүрді. Оның қаламынан туған «Ана махаббаты», «Ант», «Меймандар», «Гүлжан сүйеді», «Үміт» және басқа туындылары кезінде өз оқырмандарынан жақсы баға алды. Қырық жыл бойы күнделік жазған бірден-бір қаламгер ретінде де оның есімі көпшілік арасында құрметпен аталады.

Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзабек Дүйсеновті келер ұрпақ есінде мәңгі қалдыру мақсатында қаладағы №15 мектеп-гимназияға оның есімін беру жайында ұсыныстың жоғарыға жіберілгенін мәлімдеді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндама жасаған филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың профессоры Тұрсынбек Кәкішов ғалымның жеке тұлғасы, адамгершілік қасиеттері мен азаматтығын сөз етсе, филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ҰУ-дың профессоры Серік Негимов М.Дүйсеновтің ғылыми мұрасына, оның мәні мен маңызына жан-жақты тоқталды.

Өз қатарластарынан оза шауып, алғаш кандидаттық диссертация қорғаған Мырзабек Дүйсенов ғылымға ерте араласты. Ол қазақ-кеңес әдебиеті тарихының очеркін және қазақ әдебиеті тарихын жазуға белсене қатысқан әдебиеттанушы ғалым. Бірнеше әңгімелер жинағы, оннан астам повестің авторы болған қаламгердің ғылыми-танымдық эсселері мен зерттеу еңбектерінің өзі бір төбе.

Баяндамашылар Мырзабектің күнделігі іздесе таптырмайтын тамаша дүние екеніне тоқталды. Уақыт өте келе бұл күнделіктің шұқшия қарап, салыстыра тексеретін дерек-мағлұматтар қорына айналатыны сөзсіз. Оның күнделігі өзінің жанды сипаты, шыншыл баяндалуы, ажарлы жеткізілуі жағынан әдебиет тарихы үшін, мәдени өміріміз үшін таптырмайтын дүние болары хақ.

Конференцияға қатысқан ғалымдар біртуар тұлғаның ғылыми мұрасы, хикаяттарының көркемдік ерекшеліктерімен қоса ғалымның азаматтық, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттеріне тоқталды, өмір жолдарынан естеліктер айтты.

Конференцияға қатысушыларға Мырзабек Дүйсенов жайында жазылған «Бекзат болмыс» атты кітап таратылды.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА**.

# ЖАНҚОЖАДАҒЫ ЖАҢА ЕМХАНА

**Қазалы ауданының Жанқожа ауылында жаңа емхана есік ашты. Облыс әкімінің орынбасары А.Әлназарова, аудан әкімі Бақыт Жаханов, облыстық мәслихат депутаты Құлпыбай Ысқақ, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қасқырбек Мәмбетжан жаңа ғимараттың лентасын қиды.**

Жанқожа ауылы – аудандағы іргелі елді мекендердің бірі. 2014 жылы Жанқожа бабамыздың дүниеге келгеніне 240 жыл толмақшы. Мерейтойды кең көлемде атап өту межеленуде. Дайындық жұмыстары басталып та кетті. Бүгін шараны сол қуаныштың бір парасы десек, жарасымды. Ауыл орталығынан бой көтерген емхана құрылысын «Аман құрылыс» ЖШС жүргізіпті. Санаулы мерзімде ел игілігіне берілген нысан республикалық бюджет қаржысына салынды. Ғимарат кең әрі жарық. Тәулігіне 15 адам қабылдайды. Емхананың ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова Сыр өңірінде бой көтерген дәрігерлік амбулаториялардың 5-еуі Қазалы ауданында салынғанын, мұның бәрі Елбасымыздың сара саясатының жемісі екендігіне тоқталды. Еңбек ардагері Зейнедин Нуфтуллаев ауыл тұрғындары атынан ел ағаларына ризашылық білдірді.

Дәл осы күні Пірімов, Басықара ауылдарында да нақ осындай жаңадан салынған емхана құрылысының тұсауы кесілді.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Егеменді Қазақстанның толағай табыстары Елбасымыздың есімімен тығыз байланысты екені даусыз. Соған орай өскелең буынның санасына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру замана талабы. Бұл тұрғыда білім саласында көптеген шаралар атқарылуда. Соның бірі №204 мектепте өткізілген дөңгелек үстел болатын. Қоғамдық ұйым өкілдері, ардагерлер, оқушылар, тұрғындар қатысқан кешті ашқан мектеп директоры Болат Жолтаев шараның маңыздылығын атап өтті. Білім ордасындағы Президентіміздің өмірі, шығармашылығы жайлы фотосуреттер, мақала, кітаптар қызықты деректерден сыр шертеді. Жиында «Нұр Отан» ХДП «Көлік» бастауыш партия ұйымының қоғамдық қабылдаушысы Сәкен Әлішев, «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі Базаркүл Жолболдиева, «Әли-Мұса» мешітінің наиб-имамы Болатбек Наурызбаев, мұғалім Көбейсін Демеубаев өз ойларын ортаға салды. Кешті өнерпаздардың әсем әндері әрлендіре түсті.

Ақтан батыр ауылындағы №190 мектепте патриоттық әндер байқауы өткізілді. Бұл күні ауыл аспанында адам жанын жігерлендіріп, ұлттық рух себетін әуендер қалықтады. Байқау қорытындысында бас жүлдені Назерке Тасболат, I орынды Азамат Жұмахмет иеленді. Игі шара сенбілікке ұласты. Мектептегі жастар ұйымының жетекшісі С.Сәрсембаеваның басшылығымен өткен тазалық жұмыстарында жастар белсенділік танытты. Осы күні мектеп спорт залында грек-рим күресінен болған бәсекеде балғын палуандар белдесті. Көрермендерін сүйсіндірген апталықты мектеп директоры Ділдәбек Айтмамбет қорытындылады.

Мұндай қызықты кеш Бердікен Мергенбаев атындағы №226 гимназияда көрініс тапты. Фойеде «Тәуелсіздік тұғырым» аясында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Әрбір сыныпта тәрбие сағаты, жас әншілер байқауы мәреге жетті. Мектеп кітапханасындағы биографиялық шолуды оқырмандар қызыға тамашалады.

«Шәкірт жанына терең білім, тағылымды тәрбие сіңіру ортақ парызымыз. Ел ертеңі білікті ұрпақ қолында екендігін естен шығармауымыз қажет» – дейді №226 гимназия директоры Қуаныш Көмекбаев.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

БАСПАСӨЗ-2014

# СЫРДЫҢ ШЕЖІРЕСІНЕ ЫҚЫЛАС



«Сыр бойы» басылымы біздің жастық шағымыздың күнтізбесі. Бәрі есімде, басылымды ата-аналарымыз сабақтан келген бойда жата-жастанып оқып отыратын. Әкем Наят ұстаз болды, аталас ағайым Нұрділда Ерманов бірнеше шаруашылықта хатшы қызметін атқарып, баспасөздің жалынды насихатшысы болғанына куәгермін. Қазір зейнеткер, тоқсанға қарай бет бұрды, әлі байырғы басылым қолына тигенше шыдамсызданып, хат тасушылар келгенше тағат таппайды. Ықыласы мүлдем бөлек. Ал, өз отбасым бұл басылыммен қырық жыл бойы сырлас, арамыз үзілген емес.

Менің бүкіл тағдырым – баспасөздің қара шаңырағы атанған «Сыр бойымен» сабақтас. Өмірімнің қиын сәттерінде, мәслихатқа депутат болғанымда қалың оқырманға еңбек жолымның бірден-бір насихатшысы болғаны есімнен кетпейді.

Шындығын айту керек, бұл басылым қазіргі таңда салмақты ойдың бағдаршамы болып отыр. Мазмұны, көркемдігі жылма-жыл жаңара түсуде. Көтерілген мәселе көкейдегі ойдан дөп түседі. Басылым беттерінде мемлекет, қоғам қайраткері С.Шаухамановтың қазіргі идеология, жастар саясаты жөнінде қозғаған ойлары, танымал тұлғалар, жүз жасаған адамдар жайында тебіреністері қалың оқырманның ықыласына бөленді. Зейнеткерлер, баспасөздің белсенді авторлары А.Сопыбеков, Ш.Айбосынов, Қ.Шапшаңов, И.Жұмағұлов, М.Нәлібаев, Н.Салықов, С.Жұбатырұлы, тағы басқалардың терең мазмұнды дүниелері ертеңгі болашаққа деген сенімді одан әрі асқақтатып, әр жүректі шуаққа бөледі.

Қазір барлық жерде келер жылға баспасөзге жазылу қызу жүріп жатыр. Осынау сәттерде бәріміз сүйікті басылым «Сыр бойының» таралымын көбейте түсуге мұрындық болсақ, ұтылмаймыз. Біздің ұжым, менің он мыңға жуық сайлаушыларым осынау қызу сәттерде көш басынан көрінер деген үміттемін. Қазіргі ықылас соны серпілісті байқатады.

Шығармашылық ұжымға айтарым, алдағы уақытта қалың оқырманды шырайлы дүниелеріммен сусындата беріңіздер! – деген ақжолтай тілегімді қабыл алыңыздар.

**Нұрмұрат ЕРМАНОВ,**
**«Бабас» ЖШС-нің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты.**

# ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАНҒА ДАУА



Біздің елімізде медицина саласында көптеген шаралар жүзеге асуда. Бұл ретте «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы көпшіліктің көкейінен табылуда.

Денсаулық сақтауда насихат жұмыстарының ықпалы өте зор. Алысқа бармай-ақ қарапайым көше тазалығын сақтаудың өзіне үгіт керек десек, жаңылмаймыз. Осы орайда БАҚ-тың қосар үлесін бөлек атаған ләзім. Мен облыс басылымдарының қарашаңырағы «Сыр бойының» тұрақты оқырманымын. Өңірімізде атқарылып жатқан толымды тірліктермен осы газет арқылы танысып отырамын. Шалғайдағы ағайынның ахуалын боямасыз жеткізетін басылым менің әріптестеріме де тым етене. Қазіргі таңдағы медицинаның жетістігі жоғары деңгейде. Салада сәт сайын алуан жаңалықтар болып жататыны баршаға мәлім. Кеңес одағы кезінде мүмкін еместей көрінген күрделі оталарды облыс орталығында жасау үйреншікті дағдыға айналды. Осы тұрғыда менің «Сыр бойына» айтар ұсынысым бар. Алдағы уақытта «Жан дауа» айдарымен ақ желеңділердің тыныс-тіршілігін, дәрігерлік ақыл-кеңестерді ауқымды түрде қамтыса жөн болар еді. Бұл қадам көпшілік қауыммен қатар қызметін жаңадан бастаған жас мамандарға үлкен көмек болары сөзсіз. Қаламдарыңызға ұшқырлық тілеймін, сұлу сөздің зергерлері!

**Арғынбай АСАНБАЕВ,**
**Арал аудандық ауруханасының бас дәрігері, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі, аудандық мәслихат депутаты.**

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

**Кәсіпкерлерге қызмет көрсерту орталығында Қазақстанның ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қызылорда өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Дінмұхамед Әбсаттаров журналистермен жүздесіп, жаңадан ашылған құрылымның мақсаты мен міндеттері жайлы айтып берді.**

# КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ӨҢІРЛІК ПАЛАТАСЫ ІСКЕ КІРІСТІ

Жаңа құрылым басшысы әлемнің дамыған елдерінде бизнес топтар бір жерден басқарылатынын жеткізді. Негізі қай елдің болмасын экономикалық дамуы шағын және орта бизнеспен тікелей байланысты. Өйткені, бизнес – экономиканың локомотиві. Осы жайтты ескерген Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында 2020 жылға қарай ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесін 40 пайызға дейін жеткізу керектігін тапсырды. Сондықтан да осы жолда кәсіпкерлер ұлттық экономиканы көтеруге белсене қатысуы керек.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы салық және кедендік заңдылықтарды жүзеге асыру мен әкімшілік кедергілерді қысқартуды, ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерінің мәселелерін шешуді, кәсіптік-техникалық білім беруді дамыту мен мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс істеуді және кәсіпкерлер құқығын қорғауды іске асырады. Сондай-ақ, палата кәсіпкерлердің шетел нарығына шығаратын тауары мен қызметіне көмек көрсету мен жобаларды сараптамадан өткізу секілді жұмыстарды да жүзеге асырады.

Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы әрбір аймақта өзінің филиалдарын ашты. Енді оның осындай бөлімшелерін әрбір ауданнан ашу қолға алынуда. Д.Әбсаттаровтың әңгімесіне қарағанда өңірлік кәсіпкерлер палатасында 40-қа жуық адам жұмыс істейтін болады. Ал, аудандарда олардың саны 5-6 адамнан құралады. Бүгінгі күнге дейін осы палатада жұмыс істегісі келген 500-дей адамнан өтініш те келіп түскен. Олардың 80 пайыздайы мемлекеттік қызметкерлер болса, қалғандары банк пен кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтіндер. Қазір осы үміткерлер арасынан барлық талаптарға жауап беретіндері таңдап алынуда.

Негізі кәсіпкерлер мемлекеттік бағдарламаға қалай қатысып, несиені қалай алуға болады, ол үшін кепілдікке не қоямыз және тексеру органдары қайтсе кедергі келтірмейді, бұл жолда кіммен кеңесуге болады деген сауалдарды жиі қояды. Өңірлік палата қызметкерлері шағын және орта бизнеспен айналысушы кәсіпкерлердің осындай көкейкесті мәселелеріне толыққанды жауап береді әрі бұл бағыттағы жұмысты уақыт ағымына сай жетілдіріп отыратын болады.

Жалпы құрамында Үкімет пен қоғамның, депутаттар мен сала басшылары бар ұлттық палата мемлекеттік органдармен тығыз байланысты жұмыс істейтін болады. Бұл өз кезегінде бизнесін дамытамын деген кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергінің айтарлықтай азаюына мүмкіндік береді.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

# ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР

2050 жылға қарай әлемдегі дамыған отыз елдің қатарында болуға бағыт ұстаған Қазақстан мемлекеті бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолында өнімді жұмыстар атқарып келеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев отандық өндірушілердің жаңа нарықтық қатынастар қалыптастыру стратегиясын әзірлеуді тапсырды. Мұнда Үдемелі индустриялық-инновациялық мемлекеттік даму бағдарламасы өнеркәсіптік қуаттарды импорттауға және технологиялар алмасуға бағыттауы тиіс екендігі айтылған. Осы орайда Сыр өңірінде қолдауға ие бірнеше жобалар іске асырылып келеді. Соның бірі – Шиелідегі полиэтиленнен құбыр шығаратын зауыты. Өз іргетасын 2008 жылы қалаған өндіріс орны кешеге дейін қалыпты жұмысымен аймақтағы табиғи шикізатты өндіруші орындарға қажетті полиэтилен құбырларын шығарып келді де, көрші елдердегі дағдарыс салдарынан уақытша іркіліске тап болған-ды. Аталмыш өндіріс орны 2011-жылдан бері «Қазақ нефтехимиялық компаниясы» аталатын ЖШС-ның Қызылорда филиалы ретінде қайта құрылып, түрлі көлемдегі полиэтилен құбырларын шығаруды жалғастыра бастады.

Нарық заманының талабы емес пе, құбыр өндіретін зауыт өз өнімдерін сапалы шығару мақсатында шетелдік озық технологияны игеруге күш салу үстінде. Нақты кезеңде кәсіпорын Германияның «Краус Маффай» құрал-жабдығын пайдаланады. Кәсіпорын бұған дейін тек тау-кен өндірісіне диаметрі 90х8 мм ұзындығы 11 метр құбырлар өнімін шығарған болса, жан-жақты сұраныстың пайда болуына байланысты өз мүмкіндіктерін қайта қарап, бүгінгі күні сапалы полиэтилендік пластмассалы құбырлардың диаметрі 195х14,5 мм-лік 6 метр ұзындықтағы өнімдерді көптеп шығаруды қолға алды. Сондай-ақ, сүзгілік қабілетті КДФ 118 құбырларының бірнеше түрін тапсырысқа сай дайындап беретін болса, ауыз су тұтынуына қажетті тауарларды айналымға шығарды.



Құбыр шығаратын зауыттың жылдық қуаттылығы 951 192 шаршы метрге жеткізілсе, мүмкіндікті еселеп арттыруға да жол ашық. Өйткені, мамандардың біліктілігі мен құрал-жабдықтардың сенімділігі алдағы жоспарларды кеңінен қарауға жағдай жасай алады. Өндірілетін өнімнің шикізаты Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей мемлекеттерінен тасымалданып, жұмыс өнімділігінің негізі берік қаланғандығын атап айтқан жөн болар.

«НКК Кемикал» ЖШС-ның негізгі өндірілген өнімдеріне әріптес ретінде құрметпен қарайтын сатып алушылары – «Қазақстан-Қырғызстан-Ресей-Заречная» АҚ Бірлескен кәсіпорны, «РосБурмаш Қазақстан-Ресей» АҚ Бірлескен кәсіпорнымен қатар «ТТК-Шиелі» ЖШС және де көрші Жаңақорған ауданындағы «Байкен U», «Қызылқұм» ЖШС-лары саналады. Сол секілді «Гидро Спец Строй» ЖШС, «Мех колонна 49» ЖШС, «Djoing Drilling» ЖШС мекемелерінің сұранысын игеру кәсіпорынның кеңге қанат жайғандығын білдірсе керек. Жуырда құбыр шығаратын зауытта төртінші желі іске қосылды, бұл – 280-мен 630 мм аралығындағы құбыр шығару қолға алынды деген сөз. Яғни, жұмыс ауқымы арта түскендігін білдіреді.

– Мекемемізде жұмыс жүйелі жолға қойылған, сонымен қатар өндірістегі жаңалықтардан да қалыс қалмау жолдарын үнемі іздестіріп, мамандарымыздың біліктілігін жетілдіріп отырамыз. Бастысы замана талабын сезіне біліп, тапсырыс беруші әріптес компанияның сұранысын дер кезінде қанағаттандыру болып табылады. Әрине, бұл орайда кәсіпорындағы ұйымшылдық, әр жұмысшы-қызметкердің тәртіпке қатаң қарауы жақсы нәтижелерге қол жеткізеді, – дейді бас директор Асан Рақышев.

Қазіргі таңда кәсіпорында 100-ге жуық жұмысшы-қызметкер еңбек ететін болса, олар 4 ауысыммен жұмыс істейді. Олардың айлық жалақылары өз мерзімінде беріліп отырады. Үстіміздегі жылдың он айында аталмыш кәсіпорында 1 млрд. 200 мың теңгенің өнімі өндірілсе, бюджетке 14 млн. 282 мың теңге салық төлемдері аударылды.

Шиелі ауданындағы «MKS COMPANY» ЖШС химиялық заттарды сақтау және жөнелту орталығы да бес тапсырыс беруші мекемелердің сұраныстарын уақытылы қамтамасыз етіп отырады. Бір жылда 150 мың тонна қышқыл, сонымен қатар аммиакты селитра тасымалдайтын орталық заман талабына сай қызмет көрсетіп отырады. Бас жоспарға сәйкес, өндірістік ғимараттар, қоймалар және де оқшаулауға арналған қышқыл сорғы қондырғысы қышқыл құю бекеті, тағы басқа да қызмет көрсету орындары оның келешегін кеңейте түсері анық. Алдағы уақытта мекеме өз жұмысын онан әрі кеңітіп, үлкен тапсырыстарды атқаруға бейімделу үстінде екендігі де талап тұрғысында шешіліп келеді деп айтуға болар.

Аталмыш мекемеде нақты кезеңде 60 адам еңбек етіп, индустрияландыру жобасына үлес қосу үстінде.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібі қатар қанат қағып келе жатқан Жаңақорған ауданындағы «СКЗ-U» күкірт-қышқыл зауыты өткен жылдың соңғы айларынан бері өз өнімін бере бастады. Жылдық қуаттылығы 500 мың тонна болатын алып өндіріс орнының аймақ экономикасының дамуына қосар үлесі айтарлықтай. Бюджет қоржынына салар салық түсімінен өзге үш жүзден астам жұмысшы-қызметкердің жартысынан астамы жергілікті тұрғындардан құралған. Сонымен бірге, Францияның «Generaj Eiectric» компаниясының турбогенераторы арқылы 18 мВт-тық электр қуаты өндірілетін болса, кәсіпорын мақсатына жұмсалатын 8 мВт энергиясынан артығы аудан халқының игілігіне беріледі. Демек, электр қуатын пайдалану барысында бұл ауданда іркіліс болмауы тиіс. Замана үдерісі жаңа технологияға көшкен уақытта мұндай мүмкіндік жергілікті тұрғындар үшін зор жетістіктерге жол ашатыны ақиқат.

Ел Үкіметінің үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша жоба құнына алғашқыда 216 млн. АҚШ доллары қарастырылған аталмыш зауыт өткен жылдың соңғы тоқсанында 100 мың тонна өзінің алғашқы өнімін берді. Соңғы 4-5 жыл көлемінде қарқынды сипат алған халықаралық жобаның іске асырылуына Жапонияның «Marubeni» және «Tepco», «Toshiba», Канаданың «UraniumOne» корпорациялары үлес қосқандығын айтқан жөн болар. Ал жабдықтар мен технология желісіне Италияның «Desmet Ballestra» компаниясының озық үлгілері іске асырылды.

Уран өндіруде әлемде көшбасшылыққа шыққан Қазақстан мемлекеті жоғарыдағы зауытты іске қосу арқылы, Сыр өңірінде атомдық отын шикізатын өндіруге жаңа серпін берді. Сонымен қатар, тың жұмыс көзін ашу негізінде оған жергілікті тұрғындарды тарту, жаңа технологиямен жұмыс жасай алатын мамандарды дайындау мәселесі біршама оң шешімін тауып келеді.

– Шығарылған өндірістік өнімнің басты тиімділігі – Оңтүстік аудандардағы « Байкен - U» және «Қызылқұм» ЖШС-ларын және Қарамұрын жотасынан уран өндіретін «Қазатомөнеркәсібінің» №6 кен басқармаларын қажетті сілті қышқылымен қамтамасыз ету. Сонымен бірге шеткі аймақ тұрғындарына әлеуметтік қамқорлықтар аясы кеңейе түседі. Демек, бұл жобаның мемлекеттік маңызы зор екендігі анық, – деді зауыт жұмысымен таныстыру барысында «СКЗ-U» ЖШС-ның Бас директоры Мәдіхан Бекжанов.

Кәсіпорын үстіміздегі жылдың он айында 266,9 мың тонна немесе 1,3 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, жоспарды 114 пайызға асыра орындады.

Иә, отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы жолында Сыр өңіріндегі жұмыстардың ауқымы көңіл тоғайтады.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған,
Шиелі аудандары.

● НАЗАРДАҒЫ НЫСАНДАР

# ЖЫЛ АЯҒЫ ЖАҚЫН ҚАЛДЫ

Биылғы жыл аяқталуға санаулы күндер қалды. Содан да ағымдағы жылы жоспарланған құрылыс нысандарының уақытында пайдалануға берілуі күн тәртібінде тұр. Жыл басында бөлінген қаражаттың дұрыс игерілуі мен салынған құрылыс сапасының нәтижесі қандай болмақ? Міне, толғақты сұрақ осында.

Осыған байланысты Сырдария ауданында салынып жатқан құрылыс нысандарының жай-күйімен танысқан болатынбыз. Тереңөзек кенті тұрғындарының көптен көкейінде жүрген толғақты мәселе ауыз су болатын. Бұл жоба 2010 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы негізінде республикалық бюджетке енгізіліп, бастау алған еді. Кент тұрғын үйлеріне ауыз су желісін тартудың биылғы жылы 2-ші кезеңі жүргізіліп жатыр. Оған республикалық бюджеттен 192,3 млн. теңге қаржы қаралып, өткен он айда осынша қаржының 152,7 млн. теңгесі игерілген.

– Кенттегі тұрғын үйлерге, – дейді аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Асылбек Әбдуов, – ауыз су желісін мердігер «Дәнекер ҚК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеткізуде. Бұл ЖШС келісім-шарт арқылы келісілген 149,5 млн. теңге қаржының 135,4 млн. теңгесін игеріп те болды. Жобадағы 1019 тұрғын үйге ауыз су кіргізіліп, су есептегіш құралдары да орналастырылуда.

Кенттегі барлық тұрғын үй сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіле ме? Мәселе осында. Бізге түскен деректерге жүгінер болсақ, кентте 1879 тұрғын үй бар екен. Осының 36-сы екі қабатты үйлер. Түйткілді бір жағдай, бұрын жобада көрсетілмеген, яғни, өз беттерінше үйлеріне су кіргізіп алған, сондай-ақ жоба жасалғаннан кейін салынған үйлерге ауыз су желісін тарту қиындық туғызуда. Десе де, кент орталығындағы жалғызбасты, тұрмысы нашар, табысы аз отбасыларға мердігерлердің өз есебінен су есептегіш құралдарын орналастыру қарастырылуда.

Аудан орталығынан шалғай қоныс тепкен «Іңкәрдария» ауыл тұрғындары да қуаныш құшағына оранбақ. Бұл ауылға биылғы жылы мердігер «Дәнекер ҚК» ЖШС аудандық бюджеттен бөлінген 39,7 млн. теңге қаржыны толықтай игеріп, екі шақырым ауыз су желісін пайдалануға берген. Жаңадан ұңғыма іске қосылып, ауылдағы 170 тұрғын үйге толықтай су есептегіш құрал орнатылыпты.

Ауданда әлі де ауыз судың азабын тартып отырған елді мекендер жоқ емес. Бесарық, О.Мәлібаев, Аманкелді, Ақжарма ауылдарына ауыз су желілерін тарту, бар желілерді қайта құрылымдау мен кеңейту, яғни, әрбір тұрғын үйді сапалы сумен толықтай қамтамасыз ету жоспарға енгізіліп, жобалық-сметалық құжаттары облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы арқылы Өңірлік даму министрлігіне ұсынылған. Бұл жоба құны – 1 млрд. 700 млн. теңге. Мұнымен қатар, алдағы жылдың жоспарына Тереңөзек кентіндегі «Әйтек» каналының сол жақ бетіндегі шағын ауданның инфрақұрылымын жетілдіруге, 2,14 шақырым жол мен электр желісін тарту жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттары мемлекеттік сараптамадан өткізілген.

Ауданда биылғы жылы әлеуметтік нысандар да жарыса бой көтеруде екен. Әсіресе, жыл сайын салынатын шағын спорт алаңдарын салу да биылғы жылы жалғасын табуда. Саралап айтар болсақ, Қоғалыкөл елді мекенінде құны 6,9 млн. теңге тұратын жаңа спорт алаңы салынса, Шаған, Ақжарма, Н.Ілиясов ауылдарындағы ашық спорт алаңдары пайдалануға берілген. Сондай-ақ, кенттегі 3 ойын алаңы мен орталық стадион қайта жаңғыртылса, жаңа спорт кешені бой көтеруде. Бұл құрылыс нысаны мерзімінде аяқталады деген үміт бар.

Ауыл тұрғындарының денсаулығын бақылау мен жақсарту да күн тәртібінен қағыс қалып отырған жоқ. Содан да ағымдағы жылы Бесарықта дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілсе, Іңкәрдария мен Айдарлыда салынып жатқан осындай құрылыс нысаны жыл аяғына дейін тұрғындар игілігіне ұсынылмақ. Сондай-ақ, Тереңөзек кентіндегі №36 мектептің ескі ғимараты жаңартылып, Қалжан ахун ауылындағы №126 орта мектептің акт залы мен кітапхана құрылысына жергілікті бюджеттен қаржы қаралып, құрылыстары жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Аудан аумағында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр десек те, қолбайлау да жоқ емес. Бұл орайда Шаған ауылында салынып жатқан 900 орындық жаңа мектептің құрылысы ауызға ілінеді. Нысанның жалпы сметалық құны 1 млрд. 193 млн. теңге қаржыны құрайды екен. Осынша қаржының биылғы жылы 569 млн. теңге қаржысы игерілуі қажет көрінеді. Өкініштісі сол, бүгінгі күнге осынша қаржының 337 млн. теңгесі ғана игеріліп отыр. Жұмыстарын кешеуілдетіп бастаған мердігер «Сұңқар» ССҚ биылғы жылдың аяғына дейін 200 млн. теңгеден астам қаржыны игеруі тиіс. Осы сауалды аталмыш мекеменің құрылыс шебері Ғ.Сүлейменовке қойғанбыз.

– Бүгінде және алдағы екі айда бетондау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бүгінгі таңда 6 блоктың іргетасы қаланып, көтерілді. Бетон құю цехы жұмыс басына орналастырылған. Демек, құрылыс жұмысын алдағы уақытта жеделдетуге мол мүмкіндік жасалмақ, – дейді ол.

Ал, осы елді мекенде салынып жатқан дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысы сын көтермейді. Құрылысы биылғы жылы бітуге тиіс нысан басындағы жұмыс мүлдем мардымсыз. Құрылыс басында жүрген жұмысшылар саны да саусақпен санарлықтай. Жоғарыда көрсетілген 123,3 млн. теңге қаржының бары-жоғы 4-5 пайызы ғана игеріліпті.

Аудан аумағында облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаевтың төрағалығымен облыстың құрылыс жөніндегі комиссиясының кеңейтілген мәжілісі өтті. Онда облыс бойынша республикалық және жергілікті бюджет есебінен құрылысы жүріп жатқан нысандардың уақытылы тапсырылуы, сапасы, қаржының игерілуі жан-жақты әңгімеленіп, сала басшылары мен мердігерлерге қатаң тапсырмалар берілді.

**Еркін ӘБІЛ.**
Сырдария ауданы.

● «ҚАЗГЕРМҰНАЙҒА» – 20 ЖЫЛ

ҚазГерМұнай
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
БІРІККЕН КӘСІПОРНЫ

**Жылдар жылжып өтіп жатыр. Біз бүгінгі күн көзқарасымен кешегіге үңілеміз, болған оқиғаны ой сүзгісінен өткіземіз. Компанияның жер қойнауын игеру жұмыстары геологтардың ұсыныстарымен басталғаны еске оралады. Әрине, бұл ұсыныстар кейде пікірталасқа ұласып, ортақ пікірге келгенше тиімді шешім қабылдаудың ортақ мәмілесі қабылданатын.**



# КЕНІШТІ ИГЕРУДЕН ІРГЕЛІ КОМПАНИЯҒА ДЕЙІН

Торғай иіні көмірсутегіне бай аймақ. Оның көлемі қанша? Бұл сұраққа жауап беру оңай емес. Алғашқыда тап осылай болды. Қазақтан Республикасының еңбек сіңірген геологы Роберт Бердіғожиннің пайымдауынша, осы аймақта алғашқы жер қойнауын зерттеушілер сонау Отан соғысының қарсаңында келген. Кейін геологтар осы жерге қайта оралды. Тура 33 жыл өткен соң, яғни, 1982 жылы «Южказгеология», «Казгеофизика» және Қазақстан Ғылым академиясының геология және мұнай институты өзара күш біріктіріп, Оңтүстік Торғай иінінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізудің кешенді бағдарламасын жасады. Келесі жылы-ақ алғашқы терең ұңғыма қазылды. Ал, 1984 жылы Я.Камалутдиновтың бұрғылау бригадасы алғашқы мұнай атқыламасын жүзеге асырды. Міне, осы сәтті біз компанияның алғашқы адымы деуге толық негізіміз бар.

Алғашқы атқыламадан кейін осы өңірге көптеген компаниялар көз тіге бастады. Олардың ұзын саны қазір 20-ға жуық. Барлық компаниялардың Оңтүстік Торғай иініндегі құлаш сермеп жатқан көлемінің ауқымы 80 мың шаршы шақырымды құрайды. Мұнай 1200-2500 тереңдікте өндіріледі. Осы аймақта жүздеген шақырым автомобиль жолдары және жүздеген шақырым мұнай және газ құбырлары орналасқан. Көркті вахталық қоныстар пайда болды. Тіпті, осыдан 30 жыл бұрын бұл өңірде меңіреу тыныштықпен мүлгіген дала көсіліп жатқанын бүгінде көзге елестету қиын.

Торғай өңіріндегі мұнайды өнеркәсіптік өндіру 1982 жылдың маусым айынан басталады. Дәл осы күні КСРО мұнай өнеркәсібі министрінің Құмкөл кенішін игеру туралы жарлығы жарыққа шықты. Ал, 1986 жылы «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігі Құмкөлде арнайы күрделі құрылыс бөлімін ашты. Бұл бөлімді «Маңғыстаумұнайдың» бас директорының орынбасары Мұрат Саламатов басқарды. 1987 жылы бұл бөлім мұнай-газ өндіру басқармасы болып құрылды. М.Саламатов басқарма бастығы, бас инженері Жеңіс Жалғасов. Жеңіс көп ұзамай «Қазгермұнайдың» бірінші бас директоры болып тағайындалды. 1991 жылдың көктемінде «Құмкөлмұнай» негізінде «Южнефтегаз» өндірістік бірлестігі құрылды. Міне, мұнайлы өлкедегі өндірістік жұмыстар осылайша серпінді қарқын алды.

Тоқсаншы жылдардың басында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі мұнай-газ кеніштерін игеруге айрықша бет бұра бастады. Елбасы мемлекетіміздің келешегі үшін шетелдік инвесторларды тартудың маңыздылығын айрықша түсінді. Бұл, сайып келгенде, экономиканың өсімін қамтамасыз етіп қоймай, Қазақстанның әлемдегі өзінің лайықты орнын табуына негіз болатыны сөзсіз еді. Жылдар өтті. Президенттің бұл байыпты қадамы өзін-өзі ақтады. Қазақстан өсті, өркендеді, экономикаға тартылған шетелдік инвестициялар қайтарымын бере бастады. Шетелдік инвесторлармен бірге кенішке жаңа технологиялар тартылды. Оңтүстік Торғай иініндегі Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай кен орындары инвесторлардың күшімен игеріле бастады. Ал, олардың барланған мұнай қоры 50 млн. тоннадан астам көлемді құрайтын еді.

Өңірдегі мұнайды игеруге әлемнің көптеген елдерінен сұраныс түсе бастады. Таңдау ең лайықтыларға тиісті болатын. Осынай түйткілі көп мәселелердің шешілуіне қатысты ой орамдарын бүгінде Жеңіс Жалғасов былайша сабақтар еді. Кенішті игеру Қазақстан мұнайшылары үшін тың сала болды. Оның барлық күрделілігі осында болатын. Ең алдымен Қазақстанның мүддесін бірінші ойлайтын компанияларды іріктеу қажет болды. Осы тұрғыдан келгенде мамандар қателескен жоқ. Жеңіс Нүрбекұлының айтуынша, таңдауда қателікке жол берілген жоқ.

Біріккен кәсіпорын құрып, Ақшабұлақ, Нұралы, Ақсай кеніштеріндегі көмірсутегі шикізаттарын игеруге «Харрикейн» компаниясы да мүдделі болды. Бірақ ол сол кезде өз дегеніне жете алмады. Таңдау неміс фирмаларына түсті. Неміс компанияларымен құрылтай келісім-шарты жасалды. Ал, 1993 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорнымен келісім-шартқа отырды. Сөйтіп, жаңа жұмыс басталды. Кен орнын игерудің лицензиясы 30 жылға берілді. Біріккен кәсіпорынның бас директорлығына Жеңіс Жалғасов тағайындалды. Ал, неміс жағынан оның бірінші орынбасары болып Краус Вальтер бекітілді.



Біріккен кәсіпорынды құрудың көптеген түйткілдері де аз болмады. Ең алдымен экономикалық қарым-қатынастарды түбірінен өзгерту қажет болды. Алғашқы құрылтай құжаттарына қол қоюдан бастап алғашқы коммерциялық мұнайды өндіруге дейін аттай бес жыл өтті. Осы жылдар аралығында «Оңтүстікмұнайгаз» компаниясын «Харрикейн» сатып алды. «ҚазГерМұнай» атауы өзгеріссіз қалғанымен, оның құрылтайшылық меншіктік қатынастары өзгерді. Құмкөл кенішін игерудің жаңа кезеңі басталды.



Мұнайлы өлкенің тарихына үңілгенде біз біріккен кәсіпорынның аяғынан тік тұруына ықпал жасаған азаматтардың есімдерін атап өтуге тиіспіз. Жеңіс Жалғасов барлық ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында болды. Уақытпен санаспады. Біліктілігіне тәжірибесі ұштасқан маман барлық істе өзінің өнегелі қырынан танылды. «ҚазГерМұнайдың» бүгінгі қол жеткен жетістігінде оның айрықша қолтаңбасы қалды.

«ҚазГерМұнай» өзінің алғашқы 100 мың тонна мұнайын 1999 жылы өндірді. Бұл мерейлі сәт кең құлашпен аталып өтілді. Одан кейін алғашқы миллион, үшінші, жиырмасыншы, отызыншы... дегендей, міне, осылай жалғасып кете берді.

Қазір «ҚазГерМұнай» Қазақстандағы атаулы компаниялардың бірі болып саналады. Онда менеджмент жақсы жолға қойылған, кәсіби жоғары шеберлік ерекше бағаланады. Адами капитал – компанияның ерекше бағаланатын құндылығы.

2003 жылы Қазақстан Президенті халыққа арнаған Жолдауында Қызылорда облысын газдандыру мәселесін айрықша атап өтті. Көп ұзамай Президент алға қойған міндет орындала бастады. Оңтүстік Торғай иінінің мұнайы мен газы осылайша халықтың игілігіне жаратылды. Бұл мәселе мұнайлы өңірді игеру кезеңінің алғашқы күндерінен-ақ көтерілген болатын. Алғашқы меморандумға қол қоюшылардың қатарында «ҚазГерМұнайдың» да болғанын атап өтуіміз керек. Уақыт өте келе шын мәнінде осы компанияның табандылығының арқасында Қызылорда қаласын газдандыру бағдарламасы жүзеге асты. «ҚазГерМұнай» көп жұмыс тындырды. Кеніште газды өңдейтін және Қызылорда қаласына айдайтын қондырғы орнатылды. Сөйтіп, 2005 жылы «Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбыры бойынша облыс орталығына өңделген газ жеткізілді.

2006 жылы біріккен кәсіпорынға қазақстандық меншіктің мәртебесі берілді. Өндірістік жұмыс жаңа сипатта өрбіді. Үстіміздегі жылы компания 3 млн. тоннаға жуық мұнай өндіретін болады. Ал, келесі жылы оның көлемі біршама өседі деп күтілуде.

Осылайша «ҚазГерМұнай» жаңа биіктерге ұмтылуда.

**Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.**

# Ғибратты ғұмыр



Кешегі Ұлы Отан соғысы қатысушыларының саны мен қамтыған елдерінің көптігі жағынан адамзат тарихы бұрын-соңды көре қоймаған алапат қырғын болғаны белгілі. Қаһарлы соғыстың сұрапыл жалыны бүкіл Еуропаны қамтыды. Азияға да ауыз салды.

Соғыстың аты соғыс. Батыстың бірсыпыра өркениетті елдерінің XX ғасырға дейінгі мұра болып келген материалдық құндылықтарының елеулі бөлігі жермен-жексен етілді. Қаншама қала, елді мекендер қирады. 50 миллиондай адам апат болды. Талай шаңырақ опырылып, ортасына түсті. Ері мен ұлынан айырылған апа-женгелеріміз басына қара жамылды. Мыңдаған ата-ананың өзегі өртеніп, өркені кесілді.

Соғысқа аттанғанда Теңел ағаның жасы 19-ға енді ғана толған екен. Өзі қалап түскен Қазақ мемлекеттік университетінің екінші курсын толық бітіре алмай, 1942 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, Алматы жаяу әскер училищесіне жіберілді. Онда ұзақ болуға уақыт тарлық етті. Тұтқиылдан басталған фашистік Германияның шабуылы оқуды бітіруге, орта дәрежелі командир болып шығуға мүмкіндік бермеді. Азын-аулақ дайындықтан өтіп, негізінен мылтық ұстап, ата білуді үйренгеннен кейін соғыс шебіне аттандырылып, Волхов майданындағы 19-шы гвардияшыл атқыштар дивизиясының құрамында әскери кимылдарға қосылды да кетті. Көп ұзамай Ленинград майданындағы қанды шайқасқа қатысты. Небір мазасыз түндер мен күндерді бастан өткізді. Елде қан көрмеген жастың бірге жатып, бірге тұрып жүргендерінің оққа ұшқанынан жауға деген кегі қайралып, өжеттігі өрши түсті. Рота политругі ретінде жауынгерлерді жігерлендіре түсіп, ортақ отан қорғаушылардың азаматтық рухын көтеріп, патриоттық сезімін арттыруға үлкен үлес қосты. Өзі де майдан даласында жау әскерлерінің жолын бөгеуге аянбай атсалысты. Осындай қанды қырғындардың бірінде ауыр жарақат алып қалды. Әрі қарай соғысқа жарамай, 1944 жылы елге қайтты. Сөйтіп, жалындаған 21 жасында мүгедектер қатарына қосылды.

Жұмабаев Теңел Ондасынұлы ағамыз 1923 жылы 12 тамызда Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы Тайсойған құмдарында дүниеге келген еді. Бірақ 6 жасқа келгенде әкесі кеңес өкіметінің байларды тәркілеу саясатына ұшырап, осындағы 25 байдың тізіміне еніп, ата мекені Тайсойған құмын тастауға мәжбүр болды. Өздері бұрын-соңды атын естімеген Қызылжарға (Петропавловске) көшу ұсынылды, бірақ, қыс тақап қалғандықтан көш бағыты сол кездегі республиканың Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаровтың бір ауыз рұқсат сөзінің арқасында Адай округіне қарайтын Ойыл ауданына бұрылған болатын. Кейін Тәкеңнің отбасы Сыр елінің құйқалы бір өңірі - қазаққа Ғанидай жалындаған жас берген, әдебиет пен мәдениеттің, білім мен ғылымның талай саңлақтарының жөргегі болған киелі Қазалы топырағында тұрақтады. Осында зейнетке шыққанға дейін 42 жыл қызмет етті.

Соғыстан оралысымен Теңел Жұмабаев еңбек жолын Қазалы аудандық партия комитеті хатшысының көмекшілігінен бастап, екі жылдай облыстық «Ленин жолы» газетінің тілшісі болды. Сөйтіп, халықтың қарапайым да күрделі өміріне сүңгіді де кетті. Ел іші бұл кезде аса бір қиыншылықтарды бастан өткізіп жатқан еді. Соғыс салған зардаптан халықтың еңсесі көтерілмеген кезең болатын. Кеше ғана қанды соғысты көзімен көрген, бүгінгі қиын болмысты бастан өткізген жас тілші тез жетілді, тез өсті. Ол көп ұзамай аудандық партия комитетіне қызметке шақырылып, әуелі партия кабинетінің, сонан соң үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. Заман өзгере бастады, білімнің жеткіліксіздігі сезіліп, Алматыдағы екіжылдық партия мектебіне жолдама алды. Оны бітіргеннен кейін 1953 жылы әуелі аудандық «Социалистік жол» газетінің жауапты хатшысы, сонан соң аудандық деңгейдегі түрлі басшылық қызметтер атқарды.

Тәкең өміріндегі елеулі бір кезең еңбекшілер депутаттары аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіндегі жылдар болды. Құрылыс пен әлеуметтік мәселелерге бірден-бір жетекшілік жасап, аудандағы құрылыстың кең көлемда дамуына үлкен ықпал етті. Қысқа мерзімде екі типтік орта мектеп, кинотеатр, пионер лагері, энергопоезд, су торабы мен көптеген өндірістік нысандар салынып, пайдалануға берілді. Ауылдар мен жайылымдық бөлімшелерді электрлендіру мен радио торабын орнату жұмыстары қарқынды жүрді. Осы бір сан салалы жұмыстарда Теңел Жұмабаевтың үлесінің мол болғанын көзкөргендер осы кезге дейін жыр етіп айтады. Өйткені, Тәкең өз ісіне шынайы берілген, адал, жауапкершілік сезімі жоғары жан болатын. Осы бір асыл қасиеттерді ол өмір бойы серік етті десек, қателеспейміз.

1965 жылы көрші Қарақалпақстанда тырысқақ, 1966 жылы Қазалы ауданында оба індеттері тұтанды. Теңел Жұмабаев бірінші кезекте құтқару бригадасының басшысы, екіншіде төтенше жағдайлар комиссиясы төрағасының орынбасары ретінде осы аса қауіпті ауруларды жоюға белсене қатысты. Оның тікелей басшылығымен санитарлық жасақ құрылып, індетке қарсы шұғыл және тиімді шаралар қолға алынды. Ол үш айдай індеттің ортасында болып, жүздеген адамдардың өміріне араша тұрды.

Асыл аға қай жұмыста болмасын өзінің іскерлігімен, әділеттіктілігімен, принципшілдігімен ерекшеленді. Бұл, әсілі, туабітті тектілігі, ата-баба дәстүрі, оқу мен тоқудың күдіреті екені белгілі. «Азаматтық, әділдік, адалдық керек» деген мақала жайдан-жай жазылмаған тұғын. Өйткені ол әділеттілікті ар тұтқан абзал жан еді. Мұндай қасиеттер 16 жыл аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағалық қызметінде айрықша көрінді. Өзінің дұрыстығына сенімді болса, ол өз көзқарасын ешнәрсеге қарамастан, қатаң қорғай білетін.

Замандастарының жадында Т.Жұмабаев көп оқыған, көргені мен оқығанынан мол түйін түйген, әдебиет пен өнердің терең білгірі ретінде де сақталған. Ол рухани байлықтың көзі – кітап жинаған, соны сырлас, соны жан азығы еткен еді. «Кітап жинандар, соны сүйіндер, соны қадірлендер, бағаландар» деп өсиет айтып отыратын. Өзінің жеке кітапханасында 1000-нан астам кітап, оның ішінде бүкіл дүниежүзі классиктерінің 200-ден астам шығармалары мен қазақ классиктерінің еңбектері түгел болды. Кітапты барынша насихаттаушы ретінде ол өзінің бай кітапханасын шынайы кітапқұмар адамдармен бөлісе білді.

Рас, жазу-сызуға жастай үйір Тәкең журналшы болғысы келіп, университетке түскенімен оны аяқтай алмады. Дегенмен, туасы қаламгер сирек те болса, қоғам дамуының өткір мәселелеріне лайықты үн қосып отырды. Оның қаламынан шыққан дүниелер авторлдың қарым-қабілетін, дүниетанымын байқататын туындылар болатын.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары жазылып, облыстық «Сыр бойы» газетінде басылған Одақ басшыларының қызмет стиліне арналған «Байқаныз, Борис Николаевич!», «Бұл қалай болды, Михаил Сергеевич?!» деген мақалалары Сыр оқырмандарын елең еткізген еді.

Ал, «Қазақша сөйлеу қиын ба?» деген мақаласында автор қазіргі қазақ тілінің халіне өзі орыс тілінде сөйлейтін, алайда, тіл мәселесін анда-санда көтергенсіп, содан ұпай жинап, беделге ие болып жүрген басшылар жауапты деп санайды. Осындай мақалалар «Өмір ағысы» деген арнайы жинаққа кіргізілді.

Теңел Жұмабаев – еңбегінің зейнетін аз көрмеген ардагер. Ең алдымен, зайыбы Карипа Асқаровамен отбасы рахатының дәмін еркін тартты, жоғары білімді 5 ұл мен қыз өсірді, немере-шөбере сүйді. Отан алдындағы жауынгерлік қызметі мен бейбіт еңбегі үшін «Ұлы Отан соғысының I дәрежелі», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «За оборону Ленинграда» және т.б. көптеген медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталды.

Бүгіндері Тәкең тірі болса тоқсанның төбесіне шығып, ұл-қыздары мен немере-шөберелерінің ортасында қуаныш құшағында отырар еді. Тағдыр оны жазбады. Алайда, оның ғибратты ғұмыры, еліне еткен адал қызметі өз ұрпақтарының ғана емес, замандастарының да жадында да жарқырап тұр.

**Әбдіжәлел БӘКІР,**
**саяси ғылымдар докторы,**
**профессор.**

# ЕҢБЕКПЕН ЕҢКЕЙГЕНДІ ЕЛ АЛҒЫСЫ ТІКТЕЙДІ

**Өткен күндерге көз тастасақ алыста қалған сияқты, бірақ жүрекке жақын. Әсіресе, халқының қамын жеп, еңбектің нанын жеп елге еленген ерен болмысты жақсылардың жүріп өткен жолдары жиі еске түседі.**



1963 жылдың тамыз айы болатын. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен Жалағаш ауруханасына дәрігер оташы болып жолдама алдым.

Мені жұмысқа қабылдаған аудандық аурухананың бас дәрігері Сақы Ұзақбайұлы Қалыбаев еді. Ол кісіні алғаш көрген сәтте-ақ мен жүзі жылы, жан дүниесі жарқын, жүрегі жұмсақ, қайырымды, парасатты азаматтың алдында отырғанымды сездім. Олай дейтінім, барған бетте маған жұмыс орнымды, уақытша тұратын үйді өзі көрсетіп, жалақыма дейін алдыма жайып салды. Жұмысқа кірісетін күнді белгілеп, Қызылорда қаласына машина жіберіп, үйімді де көшіруге көмектесті. Бұндай қамқорлықты бұрын көрмеген маған жаңа өмірдің есігі ашылғандай көрінді.

Міне, содан бері жарты ғасыр уақыт өтіпті. Ал, Сәкең болса сексен деген жастың сеңгіріне шығып отыр. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген, қазір сол кісінің өзімізбен бірге жүрген сонау кездегері жүрісі, тұрысы, қамқор мінезі әлі көз алдымызда тұрғанын айтсақ, барын бағаласақ, ақ тілек тілеп, шынайы рахметімізді білдірсек, осы бір адамдық қасиетке қайтарған аз-кем жауабымыз болар деп ойлаймын. Асылы, кім-кімді де берекелі іске бастайтын адамның ішкі жан дүниесіндегі туа біткен сезім, сенім, шынайы шындық пен айнымайтын адалдық, әділдік болса керек. Сәкеңнің денсаулық саласында 40 жыл бас дәрігер болып абыройлы жұмыс атқаруы білікті маман, жоғары дәрежедегі ұйымдастырушы екенінің көрінісі.

Мен алғашқы ұстазым Сәкең туралы қанша айтсам да артық болмайтынын білемін. Өйткені ұлағатты ұстаз туралы жүрекжарды пікірлерге басқа да шәкірттерінің қосылатыны сөзсіз.

Сәкең өмір ағымында, қызмет барысында біреуге артық сөз айтты дегенді осы уақытқа дейін естіген естімеппіз. Қашан көрсеңіз де бірқалыпты, биязы мінезімен алдына барған кісінің көңілін қалдырғысы келмей, қолынан келсе жақсылық жасауға сынай білдіріп отырғандығы. Жаратылысында көп сөйлемейді, мақтау сүймейді, орынсыз ұлағаттауды, әсіресе белсенділікке жол бермейтіндігі, орынсыз айқай-шуды жақтырмайтындығы, бірсөзділігі кімге де болса ұнап тұрады. Осы өткен жылдар дариядан қанша су ақты, адам өмірінде қанша жақсылықтар мен жағымсыз жағдайлар болды. Осының бәрін бастан өткізіп, Алланың берген өмір атты байлығының арқасында ағалы-інілі қарым-қатынаста бірге жүріп келеміз.

Бақ жұлдызы жанатын пендесіне жаратқан әу бастан-ақ ерекше тағдыр еншілеп, шыңдап, өмір өткелдерімен өрге сүйрейтіні баршаға белгілі жайт болса керек. Олай болса, азаматтың басында болатын абырой, атақ, бедел мен бақ туған елге сіңірген адал еңбектің нәтижесінде ғана келмек.

Бүгінде Сәкең тек облыс денсаулық саласының ардагері емес, Сыр бойы жұртшылығына танымал, саналы, мақсатты ғұмырын халқының бақытына арнаған азамат. Әлі де адал қызмет жасаудан шаршап-шалдықпай, Жалағаш ауданында денсаулық саласын жетілдіруге зор үлес қосып, өз ойын нақты ісімен дәлелдеп келеді. Байсалды мінезімен аудан көлеміндегі қоғамдық істерге араласып, ақыл-кеңесін аямайды. Тәуелсіз елінің тыныштығы, халықтың бірлік-ынтымағын тілеп отырады. Сәкеңнің Жалағаш халқына дәрігерлік қамқорлығы ел есінде болса керек, кезінде қаншама елді мекендерде фельдшерлік-акушерлік медпункттер мен ауруханалардың ашылуына, әрбір емделушілердің тілегіне жүрекпен қарап халық алдындағы азаматтық қарызын да, дәрігерлік парызын да адал атқарған абзал жан.

Әрине, ердің еселі еңбектері елеусіз қалған жоқ. «Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер» атағы денсаулық сақтау саласының ең жоғарғы бағасы. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», ауданның «Құрметті азаматы», т.б. марапаттардың иегері болды. Оның Дүниежүзілік денсаулық ұйымы Алматы конференциясының делегаты болуы және бірнеше республикалық дәрігерлер съезіне қатысуы ерен еңбегіне көрсетілген бір құрмет екенін зор мақтанышпен айта аламыз.

Әділдік пен адалдықтың ақ жолында жүруден, еліне, жұртына жақсылық жасаудан шаршамайтын кеңшілік пен кісіліктің келбетін барынша биік ұстайтын игі жақсылардың ортасынан мен ылғи біртуар азамат Сәкенді көремін. «Адам көп, азаматы аз» деген ұғым бекер айтылмаса керек.

Бұл кісі туралы азды-көпті сөз қозғап, ой-пікірімді ортаға салып отырғаным, әрбір адамның өзіне тән қадір-қасиеті, қанына сіңген, жанымен бірге жаралғандай болып қалатын мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, өрісі, сырттан байқалатын сабырлылығы мен сырбаздығы ерекшеленіп тұратындығы. Жалпы өзінің табиғатында, айналасына мейірімділік шуағын шашқан, үлкен жүректі жан.

Баршамыз мойындайтын тіршілік заңының бірі, азаматтық қадірін көтеріп, ел алдында жүзін жарқыратын адам – сүйген жары деп білемін. Оның ыстық ықыласы, еңсесін көтерер демеуші, тек жанашырлық емес, азаматтық мәртебесін көтере білгендіктен, Зағиданың орны бөлек. Ауылдастары Зәкенді «текті жердің қызы ғой» жеп жатқанын талай еститінбіз. Бекер айтылмаса керек, қай мезгілде барсаңыз дастарқаны жаюлы, конақжай, қазақ әйелдеріне тән қалпынан айнымайды.

Бұл кездері Сәкең мен Зәкеннен өрген ұл-қыздары өсіп жетілді. Әрқайсысы бір-бір үйдің иесі. Өз мамандықтарымен орындарында абыройлы қызмет атқаруда.

Сәкеңнің мағыналы, мазмұнды өмірі, ұрпақтарына өнеге болуға лайықты. Баға жетпес қазына адам денсаулығын қорғау, дәрігер міндетін ар міндеті деп білетін ақ желенді жандардың өмірі мен өнегесін кейінгі ұрпаққа аманат ету болса, бұған ол кісінің өнегелі өмірі дәлел бола алады.

***

Күн мен түннің алмасуы қаншалықты заңды болса, адам өмірінде де қуанышты сәттер мен өкінішті кезендер кездесіп тұратыны ақиқат. Көпті көріп, көпті біліп өмір сүріп келесіз. Өзіңіздің адамгершілік, азаматтық борышыңыз бен мейірімділігіңіз, кішіпейілдігіңіз, жайсаңдығыңыз, қарапайымдылығыңыз арқылы ерен болмысыңызды алға жетелеп келесіз. Сіз мәнді өмір иесісіз.

Адам бекерге жасамайды, ұстаз болдыңыз, ұстаздық жасап келесіз. Сізге қандай да бір құрмет жасалып жатса, оған лайықтысыз, құрметті Сәке дегім келеді.

Алдымда жатқан өмірдің соқпақты жолына қорқа қараған сона-ау бір кезде қолымнан жетектеген сізге деген ой-пікірімді, шәкірттік борышымды осылайша түйіндедім.

**Тұрғанбай МАХАНОВ,**
**ҚР еңбегі сіңген дәрігер,**
**облыстың құрметті азаматы.**

ҰСЫНЫС

Жазда қымызды, қыста суға езілген құртты сусын есебінде пайдаланып келген қазақтар Кеңес үкіметі орнаған күннен бастап шөл басуды орыстардың ащы сусынына ауыстырды. Қоғамдық формация қалай құбылса, адамдардың киім киюіндегі ерекшеліктер де, салт-дәстүр де солай өзгеріп сала берді. Жазда жайлауда бие байлап отыру ескі дәстүрдің бірі еді. Жайлауда отырған үйлердің қымыз даярлап баптауындағы бәсекелестік уақыт өткен сайын бірте-бірте баяулады. Той мен қонақ күту жағдайларын былай қойғанда ащы су өлікті шығарып салу секілді жағдайларда да дастарқан мәзірінің қолайсыз асы болып алды.

# Қымыз іше білеміз бе?



Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін адамдар ұлттық салт-дәстүрлерін іздестіре бастады. Оның басында ұлттық идеология тұрғандығын көре білген зиялы қауым өкілдері салт-дәстүрге бетбұрыс жасады. Мешіттер салынды, ас беру үрдісіке айналды. Тұрмыстық салт-дәстүрлер шама-шарқынша жаңғыртылды. Соның бірі – адамдардың қымыз ішуге деген қызығушылығы. Қымыз дайындаушылар саны аз, оған сұраныс көп. Өндірілген қымыздың сапасы да төмен. Сол сапасыздық әліге дейін өз жөніне келмеуде. Сондықтан да қазіргі таңда қымыз ішушілерден гөрі саумал ішушілер көбейіп кетті. Оған дәрігерлердің саумал іш деп ұсыныс жасауымен қатар саумалдың асқазан мен бауыры ауыратын адамдарға ем екендігі себепкер болды. Дұрысында, саумал мен қымызды салыстыра қарасақ, екеуінің арасы жер мен көктей. «Бұл елдің қыздары қымыз (сұлу), жігіттері саумал (ұяң)» деп бағалануы қымыз бен саумалдың бағасын анығырақ аша түседі.

Біз «қымыз» деген бір сөзді білеміз де, оның түрлеріне көңіл аудармаймыз. Мысалы, уыз қымыз дегеніміз жаңа туған биелер, әсіресе жас биелер (құнажын) сүтінен даярланған қымыз, «дөнен қымыз» дөнен, бесті биелер сүтінен даярланған, бесті қымыз дөненнен жоғары ірі биелер сүтінен даярланған қымыз саналады. Қымыз сапасына қарай жұмсақ, орташа және күшті болып үшке бөлінеді. Орташа, күшті қымыздарды дөнен, бесті қымыз деп айтатындар да бар. Жұмсақ қымызды бауыры мен асқазаны ауыратындар, қышқылдылығы көп адамдар сүйсініп ішеді. Күшті қымызды қышқылдылығы аз адамдар тұтынады. Мысалы, мен жұмсақ қымызды ұнатамын, күні өткен қымызды тартынып ішемін. Ағайым кешеден қалған күшті қымызды ұнатады. Сондықтан қымызды тұрақты түрде ішкісі келетіндер әуелі ұнамды қымызды таңдап ала білуі керек деген ұсынысымды берер едім. Орташа қымыз жалпыға бірдей нағыз сапалы қымыз болып табылады.

Кей адамдар айран мен қымыранға қарағанда қымыз ащы болады деп айтады. Ол дұрыс емес. Сапалы дайындалған қымызды ішіп болғаннан кейін кәмпит сорғандай кейіпте боласың. Сондықтан қымызды баптай білу керек. Ол үшін ең алдымен ыдыс және сүт таза болуы тиіс. Ұйытқыны ауа-райына байланысты пайдаланып жақсылап араластырған дұрыс. Ыдыстарды жиі жуып, кептіріп, ыстап тұрудың көп пайдасы бар. Тобылғымен ысталған ыдыстар қымыздың қоюлана түсуіне пайдасын тигізеді. Қола, темір, қалайы секілді ыдыстар қымыздың қас жауы. Кезінде біздің облыста басшы болған бір азамат қымызды күнде шыны ыдыспен ғана тасып ішті. Оны көпке үлгі боларлық іс деп айта аламын. 1950-1960 жылдары Сырдария ауданы қазіргі Ж.Маханбетов ауылының тұрғындары Тәуірбай Ауғанов, Табынбай Қаратаев, Нұрсейіт Төребаев, Жөнбай Жұмағұлов, Бодық Жөнбаев, Дулыбай Ақмырзаев, Жүсіпбек Көпенов, Остай Жәкенов, Ақтай Бәлкеев, Әбіш Найзағараев, Сәрсенбай Кобалов және тағы басқалар болып «Мұсабай» құмының түбіндегі көлді жағалай киіз үй тікті. Олардың саны отыздан асатын. Таңертең малдарды жайлап, биелерді желіге орныұтырып болғаннан кейін сәске кезінде үлкен кісілер кезегі келген бір үйге жиналып қымыз ішетін. Қуырдақ жеп, әңгімелесіп отырып ішкен қымыздың ерекше қасиеті бар. Қазақтарды былай қойғанда, қымыз ішпейміз деп жүрген шешен Шамсутдиннің, осетин Ермектің, кәріс В.Пактың қымыздың дәмін көріп алғаннан кейін өзі іздеп келіп ішкенін де көргенім бар. “Егемен Қазақстан” газеті Германияда бір кісі қымызды қысы-жазы даярлайтынын айтып жазды. Қымыздың бір литрін 8-12 доллардан сатады. Бұл дегеніміз литрі 1500 теңге деген сөз.

Үй жануарларының ішінде жылқының өзі қандай текті, қандай киелі болса, жылқының еті де, қымызы да сондай қасиетке ие. Қымыздың сапасын анықтау үшін дәмін татып көрмей-ақ білуге болады. Ол үшін шырпының бір талымен тырнаққа бір тамшы қымыз тамызу керек. Егер тамшы шар формасын сақтап қалса, сапалы болғаны. Егер жайылып кететін болса, сапалы болмағаны.

Саумалды асқазан мен бауырдағы ауруды емдеу үшін ішсе, қонақта болған кезде қымызды асты қорытып, тамақты басу үшін ішеді. Қымызды асқазан, бауыр, жүрек, қан қысымы ауруларына шалдықпауы үшін, күш-қайрат, жинауы үшін ішетін болса, өкпе ауруынан емделу үшін ішу керек.

«Қымыз мұрындық» мерекесі базарға барып қымыз сату емес, бие байлаған үйдің көршілерді, жақын достармен жекжаттарды шақырып қымыздың басы басталғандығын жариялау болып табылады. Онда аруақтарға құран бағышталды. Бұл осыдан бастап қымыз ішу үшін келіп тұруға болады деген сөз. «Қымыз жәрменкесі» қымыз саудасын ұйымдастыруға арналған шара болса, «Қымыз сапасы сайысы» оның сапасына баға беру шарасы болып табылады. Қалалық әкімшіліктің ішкі саясат және идеология жөніндегі қызметкерлері әр жыл сайын мамыр айының ішінде «қымыз мұрындық», «қымыз жәрмеңкесі», «қымыз сапасы сайысын» ұйымдастырса деген ұсынысым бар. Осы шарамен бірге бір жерде «Қыз ұзату», бір жерде «Келін түсіру» тойлары өткізіліп жатса, оған қоса «балаға ат қою», «шілдехана», «тұсаукесер», «сүндет тойлары» да өтіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді-ау.

Қымызды аурудан емделу үшін ғана емес ауырмау үшін ішейік. Қымыздың қасиеті де осында.

**Батырхан ОСТАЕВ.**

ТАНЫМ

**Қазақ баласы 1918 жылдан бастап григориан күнтізбесін қолданып келеді. Біздің бабалар жер түгілі жеті қат көктің де қыр-сырына қанық болған көрінеді. Қазір біз ұмыта бастаған күнтізбе сол сөзімізге айқын дәлел. Малдың жайын күйттей білген бабалар соған лайықты күнтізбені өздері жасап алған. Өкінішке орай, қазір ол жайында жастар түгілі, үлкендердің өзі біле бермейді.**

# Қазақ күнтізбесіне көзқарас қалай?

Ежелгі заманнан бері азды-көпті өркениет өресіне шыққан елдердің барлығында күнтізбе өмірге келді. Оның пайда болуындағы басты себеп – күнтізбесіз шаруашылықты ұйымдастыру қиынға соқты. Көне уақытта жұртшылық қардың кетуі, өзендердің тасуы секілді құбылыстарға негізделген күнтізбені қаперде ұстап, сол бойынша жұмыстарын жүргізген. Алайда ол құбылмалы ауа-райына тәуелді күнтізбелер халық қажетін қанағаттандыра алған жоқ. Осының нәтижесінде адамзат баласы уақыт есебін уақытылы есептеп отыратын күнтізбені өмірге алып келді. Бір қызығы, бұл дүние батыстан емес, шығыста алғаш пайда болды. Оны Мысыр халқы өмірге енгізді. Олар жылдың ұзақтығын 365 тәулікке бөлді. Оның әрқайсысына 30 күннен бөліп, 12 айға есептеді. Қалған 5 күн Құдайға құлшылық ететін күндер болып саналып, ол ешбір айға қосылған жоқ. Біздің заманымыздан бұрынғы 45 жылдарда Рим императоры Юлий Цезарь да осындай күнтізбені өмірге енгізді. Рим папасы Григорий XIII 1582 жылы өзінің күнтізбесін қолданысқа енгізуге тырысты. Қазіргі таңда көптеген елдерде осы дүниені кәдеге жаратып келеді. Мұсылман елдерінің басым көпшілігі араб күнтізбесін қолданса, еврейлер Вавилон күнтізбесін пайдаланған. Көне түркілер де одан кенде болмаған. Олар күн күнтізбесіне көңіл бөлді. Ол кейіннен түбірі бір туысқан – қазақ, өзбек, түркімен, татар, әзірбайжан және өзге де халықтардың күнтізбелеріне негіз болып есептелді. Дегенмен, бүгінгі таңда тегі – түркі, діні мұсылман елдерінің кейбірінде григориан күнтізбесі пайдаланып жүр.

Даналықты даланың үнінен үйренген қазақ халқы табиғат құбылыстарын үнемі бақылап, оны өз тіршілігінде кәдеге жаратып отырған. Сондықтан біздің күнтізбемізді көп жылдық тәжірибе негізінде жинақталған дүние деп нық сеніммен айта аламыз. Көшпелі қазақ та аспан әлемі туралы түсініп, астрономиялық ұғымдар мен білімдерге назар аударды. Табиғат құбылыстарының қайта айналып келуін таразылап отырды. Күн мен түннің теңелуін де назардан тыс қалдырған жоқ. Тіпті айдың тутуы мен батуы, жұлдыздардың орналасу тәртібін мұқият бақылап, оны есептеп ұғыну біздің халқымыз үшін маңызы ерекше болды. Ата-бабаларымыз өздерінің байырғы күнтізбесі арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу және қыстауға қай уақытта қайту секілді жайларды да назардан тыс қалдырған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, біздің күнтізбеміз де өз өмірімізде маңызды рөл атқарды. Алайда соны бүгінгі ұрпақ мүлдем ұмытып кетті деп айта аламыз. Халқымыздың қаншама ғасырлар бойы қолданыста болған дүниесінен бас-аяғы 70-80 жылдың ішінде мүлдем ажырап қалдық. Біз оны неге бүгінгі ұрпаққа дәріптемей жүрміз?

Ежелгі кезеңде қазақша зодиак белгісінің атаулары болды. Атап айтқанда, қозы, торпақ, егіздер, шаян, арыстан, бикеш, таразы, сарышаян, мерген, теке секілді қазақша мағынасы бар еді. Қазіргі жастардан ол жайында сұрай қалсаңыз, мүлдем ештеңе айта алмауы әбден мүмкін. Өйткені, олардың санасына құйып жатқан ешкім жоқ. Сондай-ақ, халқымыздың аспан денелеріне қойған аттары да өздерінің мал бағушылық өмірінен алынған. Мәселен, түнде жол жүргенде Темірқазыққа қарап сапарын жалғастырды. Темірқазықтың жанындағы қос жұлдызға Ақбозат пен Көкбозат деп ат берді. Күзгі мезгілде малды күзеткен адамдар Жетіқарақшыны бақылап, күзетін ауыстырып отырды. Біз әлі күнге дейін өзімізді-өзіміз тани алмай келеміз. Қазекем аспанның да, жердің де қыр-сырын кем білген жоқ. Оған біздің көшпелі тіршіліктегі өмір сүру дағдымыз айқын дәлел бола алады.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

СӨЗ ТӨРКІНІ

# ОРАЛМАН – ОРАЛҒАН АДАМ

Ең әуелі «оралман» сөзіне келейік. Турасын айтсақ, мұндай сөз бұрын-сонды төл тілімізде болған жоқ. Сөз туады, түлейді, түрленеді. Оның өзі тіл әлеміндегі заңды табиғи құбылыс екендігі даусыз. «Ман, мен» жұрнақтарын (аффикстер) қосу арқылы туынды сөз жасау үрдісі тілімізде» біраздан бері қолданылып келеді. Мәселен, «тыңдарман, оқырман, көрермен деген тәрізді сөздер сол үрдістің нәтижесі. Әлгі оралман да сондай жолмен жасалған жаңа туынды сөз.

Төл тілімізде “ман, мен” жұрнақтарымен қосарланып айтылатын сөздер бұрыннан да бар. Оны «Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» деген нақыл сөзден анық аңғарамыз. Мұндағы аларман – ашкөз адам, берермен – сараң, іштар адам деген мағынаны білдіріп тұр.

«Ман» түркі және араб, парсы халықтарының тілдерінде «адам, кісі» деген дара тұлғалы сөз екен. Сол халықтарда Осман, Нариман, Пұсырман, Сүлейман деген кісі аттары көптеп кездеседі. Оның лексикалық мән-мағынасына жүгінсек, біраз жайттардың мән-мағынасы ашылғандай болады. Нариман деген есім сөзді алайық. Ол парсы тілінен енген. Ол тілде Нари (айтылуы Найри) батыл, отты, жалынды дегенді білдіреді. Сонда Нариман батыл адам деген сөз болып шығады. Сондай-ақ, Ерман – ер адам, Мейірман – мейірімді, рахымды, Биман – би адам... Міне, «ман» жұрнағымен жасалған кісі есімдерінің мән-мағынасы осылайша жалғасып кете береді.

Бір ғажабы, о бастағы лексикалық мағынасы «адам» дегенді білдіретін «ман», «мен» аффикстері неміс, ағылшын тілдерінде де кездеседі екен. Ағылшындарда супермен (Supermen) деген сөз бар. Орысшасы – сверхчеловек. Қазақшаласақ, ерекше адам немесе аса дара тұлғалы адам боп шығады.

Енді оралман сөзіне қайта оралайық. Міне, біз араб, парсы, түркі тектес халықтардың тілдеріне қысқаша шолу жасай отырып, оралман деген сөздің түпкі мағынасына көз жеткізгендей болдық. Сөйтсек, шетелдерден көшіп келген бауырларымызды оралман деп жүрсек, «оралған адамдар» екен ғой. Күні кешегі өтпелі кезеңде Қазақстаннан көптеп орыстар, немістер, украиндар, гректер туған елдеріне қоныс аударып кетіп, көбісі араға жыл салмай-ақ қайтып оралған еді. Сонда олардың да оралмандар болғаны ма? Жоқ, әсте олай емес. Әттең, сөз мағынасының бұлыңғырлығы біздің түсінігімізді шатастырып, әрі-сәрі күй кештіріп қойғаны таңғаларлықтай әрі еріксіз бас шатастырып, бас шайқатарлықтай жағдай емес пе?

Елбасы журналистермен өткізген бір сұхбатында «оралман» деген сөздің өзіне ұнай қоймайтынын, оны қандастарымыз деп айтсақ, қалай болады деп ой тастай сөйлегені бар. Өте құптарлық ой! Әлде отандастар десек ше?! Кәне, баршамыз да осыны көңіл таразысына салып, ойласалықшы. Ендігі сөз кезегі – көпшілік еншісінде.

**Рашид ЖАРЫЛҚАСЫНОВ,**
**ардагер журналист.**

KAZAKHMYS

Бәйге!
Бәйге! Бәйге!

БАЛАУСА

Қазақмыс Тобы мен Қазақстан Жазушылар Одағы бірлесе отырып сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған әдеби шығармаларға «Балауса» атты байқау жариялайды. Оған кәсіби және әуесқой авторлар қатыса алады.

Байқауға 2-8 жас аралығындағы сәбилерге арналған прозалық және поэзиялық шығармалар қабылданады. Байқауға ұсынылатын шығармалардың жалпы көлемі 3 беттен аспауы керек және мәтіні 1,5 интервалмен, 14-кегельмен теріліп, 3 дана етіп жолдануы қажет.

Автордың аты-жөні, мекен-жайы, телефоны жабық конвертке салынып, сыртына бүркеншік аты жазылып, 050000, Алматы қаласы, Бас пошта, а/ж 176, «Балауса» байқауының мекен-жайына жіберілуі керек.
Шығармалар **2014 жылдың 15 ақпанына дейін қабылданады.**
Байқаудың қорытындысы 2014 жылдың 2 сәуірінде жарияланады.

**Сыр мәдениетінің қабырғалы қайраткері – Тынышбек Дайрабайды еліміздің еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін біледі. Әсіресе, бұл есім – сырбойылықтар үшін қымбат, құрметті. Осы айтқанымызды дәлелдеу үшін арқалы азаматтың, елін, жерін сүйетін патриот ағамыздың ғылыми қызметін саралап көрейік.**



# Сыр мәдениетінің қабырғалы қайраткері

Т.Дайрабайдың «Сырдария кітапханасының» құрамында жарық көрген «Тұғырлы тұлғалар» деп аталатын кітабының І бөлімі «Пірлер мен ахундар» деп аталады. Бұл бөлімде 9 әулие мен ахун жайындағы ғылыми мағлұматтар берілген. Бұлардың бәрін талдап, саралап жату бір мақала көлемінде мүмкін емес. Осы бөлімдегі «Марал баба діндар ғана болған жоқ» делінген ғылыми мақалада автор маралбабатануға тың деректер қоса алған. Марал бабаның Керей болысының старшинасы Байсалмен бірге Орынбор әскери генерал-губернаторы Эссеннің және Сібірдегі әскери бөлімнің бастығы – генерал-лейтенант Катцевичтің атына хат жазғаны, онда Ресеймен достық қарым-қатынастың бұзылып, орыстардың қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алғанын, осыған байланысты өзінің Ресей императорына кіруіне рұқсат беруін сұрағаны жайында айтылады. Осы хаттың қозғауымен сол кездегі вице-канцлер, граф Нессельрод 1821 жылдың 30 желтоқсанында Сібірдің генерал-губернаторы М.Сперанскийге хат жазады. Кейіннен губернатор М.Сперанский мен граф Нессельрод ақылдаса келіп, Марал бабаның Петербургке баруына рұқсат беріп, 1822 жылы 12 ақпанда жарлық шығарғаны туралы да осы мақалада айтылған. Шағын мақалада Т.Дайрабайдың дәлелдеп бергеніндей, Марал баба – діндар ғана емес, ұлтжанды, елі үшін отқа түсуге бар отаншыл адам. «Дала уәляты» газетінің 1899 жылғы санында «Сәуегей қазақ Марал Құрманұлы» деген атпен жарияланған көлемді мақаладан алынған «Россияға қарамандар, өздерің бірігіп, орыстан басқаланып, егін салумен айналысыңдар, сендерді егін байлыққа жеткізеді», – деген Марал бабаның сөздері жоғарыда айтқанымыздың дәлелі.

Облыс әкімдігінің бастамасымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің базасында 2010 жылы Марал ишан Құрманұлының 230 жылдық мерейтойына арналған «Сыр еліндегі діни ағартушылық ой-сана» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткіздік. Осы конференцияда Марал баба өмірбаяны жайындағы жаңа деректер, оның қазақ халқының тарихынан алар өзіндік орны, діни ғұлама, емші болғаны, ең бастысы, ұлт бостандығы жолында басқа дінге қарсы ғадауат соғысын ашқаны, ел-халқын өзінің діни сенімі жолында күреске шақырған қайраткерлігі туралы ғалымдардың ойлары, пікірлері ортаға салынды.

Осы конференцияның атын «Сыр еліндегі діни ағартушылық ой-сана» деп атауымыз бекер болған жоқ. Конференцияда жасалған баяндамаларда Марал ишан Құрманұлын негізге ала отырып, Сыр еліне Орта Азия, Шығыс елдеріндегі ислами бағыттағы оқу орындарын бітіріп келіп, мектеп ашқан, шәкірттерге білім берген басқа да ахундар мен ишандар жайында, олардың елге жасаған қызметі діни-ағартушылық бағытта болғаны, осындай мектептерде дін сабақтарымен қатар, жаратылыстану, гуманитарлық салалар бойынша да дәрістер берілгені туралы жан-жақты айтылды.Сыр еліндегі діни ағартушылық ой-сана тақырыбын университет ғалымдары бүгінге дейін зерттеп келеді. Осы ізбен 2012 жылдың қазанында Қалжан ахун Бөлекбайұлының 150 жылдық мерейтойына орай Тереңөзек кентінде облыстық ғылыми-танымдық конференция өткізіп, оған еліміздің бірнеше теолог-философ, тарихшы, әдебиетші, педагог ғалымдарын шақырдық. Конференцияда жасалған баяндамалар Қалжан ахунның өзі жазған хаттардың, діни сипатты мақалалардың, өлеңдердің араб, парсы тілінен ана тілімізге тарихта бірінші рет аударылған мәтіндеріне, ғылыми деректерге сүйенілді.

Марал ишан мен Қалжан ахун аралығындағы Сыр елінде өмір сүрген басқа да ахундар мен ишандар діни-ағартушылық бағытта қызмет істеді, олар халқын сауаттандыра отырып, өркениетке жетектеді. Революцияға дейінгі қазақ халқының кем дегенде 30 пайызы сауатты болса, бұл осы ахундар мен ишандардың арқасы. Бұлардың әрқайсысы Қанафи мазхабын ұстанған, қазақ халқының дәстүрлі дінін мойынсұнған нағыз мұсылмандар болып қана қойған жоқ, өз заманының зиялысы, идеологы (санаткер) де болды. Адамзаттық прогресс тұрғысынан келсек, бұлардың ел-халқына жасаған қызметін дұрыс бағыттағы игілікті жұмыс деп бағалауға болады. Белгілі шығыстанушы ғалым Ә.Дербісәлі өзінің көлемді зерттеу еңбегінде Қазақстанда Қазан революциясына дейін бала оқып, шәкірт тәрбиеленген 2000-ға жуық мешіт-медресенің болғанын жазады. Бұл мектептерде ұстаздық еткен Орта Азия мен Шығыстың Бұхара, Хиуа, Каир, Стамбул, Самарқан, Кабул сияқты қалаларындағы жоғары діни оқу орындарының түлектері еді.



Демек, Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қоғамның үлкен қозғаушы күшіне айналған жағдайда болған. Кәпірлердің дініне қарсы ғадауат соғысын ашып жүрген Марал ишанды айтпағанда, большевиктердің саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің басына осы дінбасы, діни-ағартушылардың келгенін қайда қоямыз. Кеңес үкіметінің, әсіресе, дін бағытындағы саясатына қарсы XX ғ. басындағы бас көтерушіліктердің қазақ елін түгел қамтыған ұлт-азаттық көтеріліске ұласқанын бұрын айта алмасақ, бүгін неге айтпауымыз керек?! Созақ, Жетісу, Орталық, Солтүстік Қазақстан жерінде болған көтерілістер кеңес үкіметі тарапынан басып, жаншылды, ұлт тәуелсіздігін мұрат еткен небір боздақтар қыршынынан қиылды. Басқаларды айтпағанда, Сыр еліндегі Ақмырза ахун бастаған ұлт-азаттық көтерілісте қаншама қандастарымыз шейіт болды. Қазір Қазалы ауданының территориясына қарасты Қарақұмда «Шөмекей қырылған» деген жер бар. Осы жерде Ақмырза ахунның ізіне ерген 500-ге жуық тілеулестерін, руластарын большевиктер қырып тастаған.

Міне, мәселе қайда?! Елінің мәдениеті үшін жел өтінде жүріп, қолынан қалам-қағазы түспей, мұрағат пен мұражай құжаттарын ақтарып жүрген Тынышбек ағамыздың тынымсыз еңбегі талайлы тарихы, тауқыметті тағдыры бар халқының өткеніне өкіне отырып, кемел келешегі үшін жұмсалып жатқан қасиетті қызмет емес пе?! Ел болашағы жастарға анық тарихты, ақиқат тарихты үйрету үшін де Тынышбек ағамыздың жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр емес пе?! Т.Дайрабайдың ғылыми қызметінің бір парасы ахундар мен ишандардың, пірлердің, әулиелердің өмірін, діни-ағартушылық қызметін зерттеп-зерделеу болса, бұл еңбектің мазмұны мағыналы, салмақты екенін айтуымыз керек. Оның «Марал баба діндар ғана болған жоқ» деп аталатын мақаласынан басқа да мақалалары деректілігімен және архив құжаттарын, сирек кездесетін қолжазбалар қорларындағы материалдарға сүйеніліп жазылған дәйектілігімен ерекшеленеді. Ағамыздың қысқа жазылған деректі әрі дәйектілігімен ерекшеленетін бірегей мақалалары ойға от тастайтындай, кейінгі зерттеулерге бастама боларлықтай күйде келеді. Қысқасы Т.Дайрабай – өзінің әулие әмбиелер, ишан-ахундар туралы жазылған мақалаларымен Сыр елі руханиятын түгендеуге атсалысып келе жатқан зерделі зерттеуші.

Сыр елінде дүниеге келген, елдің қамын ойлап, қолына қару алған батырлар туралы үзбей жазып, осы тақырыпты тыңғылықты зерттеп-зерделеп келе жатқан да – Тынышбек Дайрабай. «Тұғырлы тұлғалар» кітабының екінші бөлімі «Батырлар мен билер жайлы» деп аталады. Бұл бөлімде Жалаңтөс баһадүр, Арыстанбай, Тайлақ, Манақ, Қыстаубай, Алмат, Тоғанас, Байқадам, Сарман, Жанғабыл, Жалбыр, Бабас, Қожеке, т.б батырлар, сондай-ақ Пірәлі, Қалан, Мәмбет, Тәтімбет, Жәрімбет, Төребай, Қалдан, Таңатар, Сәдір, Қазанбас, Қаналы, т.б сияқты билер жөнінде мол мағлұматтар беріледі.

Т.Дайрабайдың қазақ қоғамындағы үлкен беделге ие, ел басқару мен қорғауда, халықаралық қарым-қатынастарда ықпалды күш – батырлар мен билер институтына арнайы зерттеу жүргізуі де – ел тарихынан тағылым алуға шақырған ұлтшыл, қаншыл азаматтың іс-әрекеті. Алтай мен Атыраудың арасын, жүгірсе, құланның тұяғы мүжілетін, ұшса, құстың қанаты талатын сайын даламызды найзаның ұшымен, білектің күшімен ұстап тұрып, кейінгі ұрпаққа аманаттаған батырлар туралы, әсіресе, бүгінгі ұрпақтың білгенінің маңызы зор. Ата тарихты әділетті, ақиқаттық тұрғыдан танудың бір ұштығы осы батырлар институтын танып таразылауда, зерттеп-зерделеуде жатқаны анық қой.

Т.Дайрабайдың батырлар мен билер туралы зерттеуі де «дейді, дейдіге» емес, мүмкін болғанынша құжаттарға, қағазға түскен деректер мен жәдігерліктерге сүйеніледі және олар жалаң, жадағай түрде емес, батырлар мен билердің өмір сүрген уақытымен, өз заманындағы түрлі саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайлармен бірлікте алып қарастырылады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жанындағы «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ұжымы Сыр елінде XVII-XIX ғасырлар арасында өмір сүрген 500-ден аса батырлардың өмір деректер мен ерлік істерін жүйелі түрде зерттеп келеді. Осы бағытта түрлі деректер топтастырылып, картотекалар жасалды, кітаптар баспаға дайындалып жатыр. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының ұйымдастыруымен 2011 жылы Алматыда өткен республикалық «Қазақтың ұлы қолбасшылары» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Сыр еліндегі батырлық пен ерлік дәстүрі» тақырыбында бүкіл қазақ генералдарының алдында баяндама жасап, батырлық дәстүрдің, батырлардың қазақ қоғамының, қазақ елінің өмірінен алатын орнын анықтап, мынадай қорытынды жасағанбыз: «Батырлық пен ерлік Сыр еліне ғана емес, бүкіл қазақ еліне тән. Өйткені, бұл – тарих сабағы, халқымыздың, еліміздің тағдырынан туған мазмұнды әрі мағыналы тарихи сабақ. Тарихымызды түгендеуге осы батырларды, олардың өмірі мен ерліктерін зерттеу арқылы үлес қоса алатынымызды айтқымыз келеді. Қазіргі және келер ұрпақты ұлтшылдық рухта тәрбиелеу үшін де батыр бабаларымызды тану мен танытудың маңызы зор болмақ».

Міне, осындай тұжырымға келуге Сыр еліндегі батырлар өмірі мен батырлық дәстүрді үзбей зерттеп жүрген Тынышбек Дайрабай сынды ағаларымыздың еңбегінің әсері мол екенін айту әділеттілік болар еді.

Т.Дайрабайдың Сыр бойының билері жайындағы ізденістері мен зерттеулерінен де тағылым алар тұстар жетерлік. Жалпы қазақтың шешендік өнері, оның тегі мен түрлері, сөз өнерінің ел билеу саясатындағы орны мен мән-маңызы, сондай-ақ, шешендер сөзін оқып-үйренудің тәрбиелік-тағылымдық сипаты деген мәселелердің басын ашуда Т.Дайрабай тауып, зерттеп-зерделеп, жарыққа шығарған билердің өмірі мен қызметі туралы деректердің орны бөлек, маңызы үлкен. Зерттеушінің билер жайлы зерттеулері де дәйектілігімен, ғылыми сипаттылығымен ерекшеленеді.

«Тұғырлы тұлғалар» кітабының III бөлімі «Сөз зергерлері» деп аталады. Бұл бөлімде Сыр сүлейлері Базар жырау, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Жорықбай жырау, Сейітжан сал, Қуаныш Баймағамбетов, Сейіл ақын, Әлішер Тоқмағамбетов, т.б. туралы ғылыми жазбалар берілген. Сыр бойында дүниеге келген сөз зергерлерінің шығармаларын жинау, зерттеу – Т.Дайрабай шығармашылығының ерекше қыры. Бұл ретте зерттеуші өзінің алдындағы ағалары Әлқуат Қайнарбаев, Мардан Байділдаевтардың жолын жалғастырып, әдебиет мұралары мен нұсқаларын жинаушы, сақтаушы болып келе жатыр. Қазақ әдебиеттану ғылымы бәрінен бұрын осы әдебиет жанашырлары мен жинаушыларына қарыздар. Сыр елі әдебиетінің жиналуы мен зерттелуі деген мәселелерде Т.Дайрабай еңбегінің ұшан-теңіз екенін осы тұста айтуымыз керек. 200 томдық «Сырдария» кітапханасын Т.Дайрабай ағамызбен бірге жасадық. Оның жинаған материалдары тіл көмегі, ой бөлісуі үлкен азаматтық жүрекпен осы кітапхананың абыройлы аяқталуына жанашырлық танытуы бізге үлкен демеу болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Сыр сүлейлері шығармашылығына 200 томдық «Сырдария» кітапханасының 22 томы арналса, осының 4 томының материалдары тікелей Т.Дайрабайдан алынып еді. Ешқандай ақысыз, пұлсыз қолындағы барын ел үшін, сол елдің мәдениеті мен руханиятының бүтінделуіне беру, жұмсау кез келген адамның қолынан келе беретін шаруа емес. Сөз өнері – ұлтымыздың рухы. Ал осы өнердің бастау бұлағы Сыр елінде, қазақ әдебиеті, қазақ тілі дегенде Сыр елінің әдебиеті мен өнерінен, тілінен еш уақытта айналып кете алмасақ керек. Қазіргі қолданыстағы қазақ әдеби тілінің негізгі Сырдария өзенінің төменгі ағысын мекендеген қазақтардың тілінің негізінде жасалғанын профессор Сәрсен Аманжолов әлдеқашан дәлелдеп кеткен. Демек, Т.Дайрабайдың сырбойылық ақын-жыраулардың, сүлейлердің мұрасын көздің қарашығындай сақтауға үлес қосып келе жатқанының астарында осындай терең мағына, ұлттық мүдде бар.

«Тұғырлы тұлғалар» кітабының «Қайраткерлік хақында» деп аталатын бөлімінде Сыр елінің тарихында өзіндік орындары бар мемлекет және қоғам қайраткерлері – Темірбек Жүргенов, Иса Тоқтыбаев, Елеу Көшербаев, Қонысбек Қазантаев, Жаңабай Азаматов, Алдаберген Бисенов, т.б. еңбек адамдары мен мұғалімдер Лапиндер, Алшынбаев Рахым, Құлманұлы Сауранбай, Қайнарбаев Әлқуат, т.б туралы тағылымды естеліктер, ой-тұжырымдар берілген. Бұлардың кейбіреулерінің көркемділігінің жоғарылығы сондай, эссе дәрежесіне дейін көтерілген. Автор еңбек ерлерінің өмірі мен қызметін жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынады, ел үшін, жер үшін адал қызмет еткен абыройлы адамдардың ел есінен кетпеуін көздейді, оларға өзінің құрметін, адам ретіндегі інілік парызын ақ қағаз бетіне түсіреді. Сыр еліндегі тарихи тұлғаларды тірілту, олардың өмір деректерін жинау мен зерттеу, жазу, кітап қылып жарыққа шығару мәселелерінде күні бүгінде Сыр елінде Т.Дайрабайдың алдына түсетін ешкім жоқ.

«Тұғырлы тұлғалар» кітабының соңғы бөлімі «Сырды айтсам, желдей есем» деп аталады. Атынан-ақ байқалып тұрғандай, бұл бөлімде автордың туған жерге, елге деген үлкен перзенттік махаббаты көркем публицистика мен эссе, естелік пен мақала күйінде жазылып, жарыққа шыққан. Бұндай шығармалардың да өлкетануға, елтану мен жертануға, сондай-ақ тұлғатануға салмақты үлес болып қосылатынына ешқандай күмән жоқ. Күні бүгінгі қазақ ғылымында тұлғатану ілімі, біздіңше, жақсы қалыптасып келе жатыр. Бұның өзі кездейсоқтық емес. Өйткені қазақ тарихын осы тұлғатану арқылы толықтыра, салмақтандыра алатынымыз қандай ақиқат болса, Сыр елінде дүниеге келген батырлар мен билердің, сөз зергерлерінің, түрлі мамандық иелерінің елге жасаған қызметін, еңбегін, ерлігін саралап, белгілі бір жүйеде жасап, жазып, олардың тұлғасын тұлғалау, ұлықтау мақсатында ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келе жатқан Т.Дайрабай ағамыз екені де сондай шындық.

**Б.КӘРІБОЗҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор.**

# ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІГЕ ТАБИҒИ ДАРЫН ҚАЖЕТ

Теледидар бүгінде қазақстандықтардың басым бөлігі үшін ақпарат алатын негізгі құралға айналғаны белгілі. Қазақ радиосын тыңдауды қойған тұрғындардың көпшілігі күнделікті «көк жәшікке» телміреді. Әсіресе, елімізде болып жатқан кез келген оқиғаларды жаңалықтар топтамасынан есітіп, көреді.

Жалпы, жаңалықтардың сәтті шығып, көрермендердің көңілінен орын алуы көбінесе дикторларға байланысты болады. Әрбіріміз кешкілік көгілдір экран алдына жайғасып, жаңалықтарға зер салғанымызда ең алдымен ақпаратты жеткізуші тұлғаға мән беретініміз ақиқат. Сол себепті диктор қым-қуыт тіршіліктегі басты оқиғаларды нақышына келтіріп, көрерменнің көңіліне жеткізе білуі тиіс деп ойлаймын. Өйткені, кезінде электронды ақпарат құралдарында ширек ғасырдай тер төккен маған бұл сала етене таныс.

«Диктор» сөзі ағылшынның «зәкір» деген сөзінен шыққан. Яғни, әрбір диктор жаңалықтар топтамасының негізгі тірегі десем, артық айтпаған болармын. Жаңалықтар жүргізушісін телекөрермендердің арқасүйер «досы» десек те жарасады. Кез келген телеарнаның кескін-келбеті ең алдымен диктор арқылы қалыптасатыны шындық. Бір сөзбен айтқанда, тележүргізуші телеарнаның имиджі мен қаржылық табысының қайнар көзі десек болады. Соған орай жаңалықтар топтамасын ұсынатын тұлғаға қойылар талап та жоғары болуы тиіс. Бұл жерде дикторлардың дауыс ырғағының келісті, түр-сипатының әдемі болуы аздық ететіні рас. Әлеуметтік зерттеулерге зер салар болсақ, көрермен үшін тележүргізушінің кескін-келбеті мен түр-тұлғасы маңызды көрінеді.

Кеңестік кезеңге шегініс жасайық. Ол кезде дикторларға қойылатын талап зор болатын. Қазақ дикторы дегенде алдымен Әнуарбек Байжанбаев ағамыз ойға оралады. Елдегі саяси жағдай мен күнделікті жаңалық Әнуарбек Нығметұлының кең тынысты, ашық та қоңыр дауысымен халықтың құлағына жететін. Бүгінде Сауық Жақанованың әуезді үнін аңсайтын болдық. Тыныс Өтебаев, ерлі-зайыпты Ласкер Сейітов пен Мәриям Әйімбетованың жаңалықты жеткізуі өз алдына бөлек әңгіме.



Осындайда атақты диктор Юрий Левитанның мына әңгімесіне тәнті болмасқа шараң жоқ.

– Соғыс жүріп жатқан кез еді, – деп еске алады алтын дауысты Юрий Борисович. – Бір күні Орталық Комитеттен телефон шалынып, ертеңіне таңертеңгі сағат тоғызда Сталиннің қабылдауында болуымды жеткізді. Әншейінде ол кісінің есімін естігеннің өзінде жүрегің дір ете қалатын. Ал, қабылдауда болу мен үшін ойламаған шаруа болатын.

Сонымен айтылған уақытта Кремльде болдым. Қабылдау бөлмесіндегі қыздар сізді күтіп отыр деп ишарат білдірді. Қыздардың жылы жүзі өрекпіген жүрегімді орнына түсіріп, Бас хатшының жұмыс бөлмесіне рұқсат сұрап кірдім.

– Келіңіз, отырыңыз, – деп орындық нұсқаған ол қолындағы сигарын құшырлана бір сорып алды да, – Сізді бір ғана мәселемен шақыртып едім, – деді жылы жымиып. – Мен бұрыннан сіздің дауысыңызға, хабар жүргізу мәнеріңізге тәнтімін. Бірақ қазір соғыс жүріп жатыр. Күш тең емес. Халық жүдеу, жабырқау. Сондықтан бұрынғыдан да халыққа рух беретін бағытта хабар жүргізуіңізді талап етемін, – деп қолын ұсынды.

Міне, Мемлекет басшысы Отанға қауіп төнген қысталаң шақта Юрий Левитанға үлкен сенім артқан. «Совинформбюроның» қалың бұқараға жеткізілуге тиісті жаңалықтарының барлығы атақты дикторлың жан баласының денесін шымырлатар зор дауысымен елге тарап отырған. Кезінде облыстық радионың «Алтын қорында» қайталанбас тұлғаның таспаға жазылған бар болғаны 30 секундтық қуатты үні сақталған болатын. Ал, аймақ радиосының жабылып, әуе толқынына хабар таратуды тоқтатқанына биыл тоғыз жыл болды. Сондықтан бүкіл Кеңес Одағының сүйіктісіне айналған айтулы азаматтың алтынмен бағаланатын құнды таспасының қалған-қалмағанына қазір көз жеткізе алмаймын.

Кеңестік кезеңде дикторлық қызметке кез келген адам алына бермейтін. Түсінген жанға ол үлкен лауазым иесі саналатын. Ал, түсінбейтін адам: – Ең болмаса дикторлыққа алыңдаршы, – деп, оның беделін төмендеткенінің талай куәсі болдық. Айта беретін Кеңес Одағы кезінде диктор жүздеген адамның арасынан іріктелетін. Әлбетте, диктор үшін келісті дауыс ырғағы мен әдемі кескін аздық етеді.

Мәселен, аты әлемге әйгілі «Би-би-си» телеарнасының талабы бойынша көгілдір экраннан көрінуге талпынған әрбір тележүргізуші алдымен жан-жақты білімді болып, өмірді әрі адамдарды тани білуі керек екен. Оған қоса, тапқырлық пен төзімділік, энтузиазм мен өзіне деген сенімділік, сондай-ақ ұжымда жұмыс істей білу қабілетіне де ие болуы тиіс.

Осы ретте Кеңес Одағының телеарна майталманы Игорь Кирилловтың пікіріне ден қояйық. Оның айтуынша, диктор қызықты әрі жақсы адам болуы керек. Екіншіден, оның дауыс ырғағы әдемі де құлаққа жағымды болуы тиіс. Үшіншіден, әрбір дикторлың табиғи актерлік шеберлігі болғаны дұрыс. «Жасанды шеберлік емес, табиғаттан дарыған шеберлік» – дейді атақты диктор.

Бүгінгі тележүргізушілердегі ең басты кемшілік – мәтінге зер салмастан, жаңалықты «тисе терекке, тимесе бұтаққа» әдісімен жүргізетіндігі. Көгілдір экран алдына дайындықсыз келіп, екпіндеп сөйлейтін дикторлар тіпті көбейіп кетті. Олар жаңалық оқып емес, құдды бұйрық беріп отырғандай сезінесің. Басқаны айтпағанда, еліміздің ұлттық арнасы – «Қазақстанның» жүргізушілерін тыңдап отырып, жүрегім дүрсілдейтінді шығарды. Шынымды айтайын, олардың тіксініп айтқан әрбір сөзі төбеме шеге қағылып жатқандай әсер етеді. Тележүргізуші – халықтың адамы. Сондықтан олар экран алдындағы сан мыңдаған көрерменді бір сәт ойласа екен.

Қит етсе, Кеңес Одағын тілге тиек ететін әдетіміз бар емес пе? Ол кезде дикторлар қатаң бақылауда болатын. Ақпаратты оқу барысында бір әріптен қателескен дикторға бірден сөгіс берілетін. Тіпті әрбір қателік үшін жалақысы қысқартылған кездер де болған. Өйткені, қатаңдық бар жерде жауапкершілік жүгі молая түсері белгілі. Ал, бүгінде тележүргізушілердің қателігіне көз жұма қарайтын болыппыз. Ол қателік үшін ешбір жаза қолданылмайды да екен. Жалпы дикторларға немқұрайлы қарау – олардың жауапкершілігін төмендетеді. Сондықтан телеарна басшылары жүргізушілердің дауыс ырғағын қаперге алып, қадағалағаны дұрыс. Өйткені, сын жүргізушіге емес, керісінше телеарна басшыларына бағытталатыны белгілі.

Дауыс ырғағын былай қойғанда, қазақтың қарапайым сөзіне зер салмайтын қаракөздерімізді көргенде қынжылмасқа шараң қалмайды. Сондай-ақ, қазақша жаңалықтарды өзге ұлт өкілдеріне оқытып қойғанымыз да өте ерсі көрінеді. Көп ұлтты ел екеніміз рас. Бірақ, бір-екі ауыз қазақша сөз білетінін алға тартып, оларды эфирге шығару әсте жараспайды. Өйткені, өзге ұлт өкілдері қанша айтқанмен қазақ тілін қазақтан артық меңгере алмайды. Ал, меңгерген дегеннің өзінде оларда тілдік қарама-қайшылықтар болатыны бесенеден белгілі.

Тұтас бір ұжымның жүгін көтеріп, жүздеген адамның еңбегін халыққа паш ету – оңай шаруа емес, әрине. Десек те, диктор болу – әсемдігіңді жұртқа таныту емес екені және рас. Мәтінді бұрмалау, бұйыра да тістеніп әрі қолдарын сермеп сөйлеу, жаңалықтың байыбын түсінбей жеткізу – тағы да қайталап айтамын, бүгінгі дикторларға ортақ кемшілік.

Диктор – телеарнаның имиджін қалыптастырушы тұлға екенін әңгімеміздің басында атап өткен болатынбыз. Алайда, оларды таңдау барысында басшылық тарапынан қарапайым заңдылықтар ескерілмейтін сияқты. Мен де еңбек жолымды дикторлық қызметтен бастағандықтан әрбір дикторлың һәм тележүргізушінің сыртқы пішіні мен ішкі мазмұны сай келуі керек деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, еліміздің түкпір-түкпірінде қазақ радиосы мен теледидарының майталман дикторлары баршылық. Бірақ жас дикторларды таңдауда ардагер мамандардың пікірімен санасатын телеарна басшыларын емге табу қиын сияқты.

Ресей телеарналарында дикторлардың дауыс ырғағын қою, олардың түзу отыруына дейін қатаң қадағаланады екен. Сол Ресейдегі кино және телеарна мамандарын дайындайтын «Теле және радиобағдарламалардың жүргізушісі» атты арнайы бөлім де бар көрінеді. Тіпті танымал тележүргізушілердің сыныбы да ашылған.

Біздің елімізде білікті мамандардың сыныбы былай тұрсын, телерадиожүргізушілер дайындайтын кішігірім курстар да жоқ. Айта беретін Кеңес Одағы кезінде «Қазақ радиосы мен теледидары» республикалық комитетінде дикторлардың біліктілігін арттыру курсы болатын. Осы жолдардың авторы сонау сексенінші жылдардың орта шенінде аталған курста бір ай оқып, тәжірибеден өткен еді. Курстың ректоры Рекина ханым қазақ радиосы мен теледидары және еліміздің 19 облысынан келген дикторларға жанын сала дәріс берді. Аймақтардан келген дикторларға республика эфирінен тәжірибеден өтуге жағдай жасады. Омархан Қалмырзаев, Мырзабек Қуатбеков, Тыныс Өтебаев, Ласкер Сейітов, Әбдірәлі Бөлебаев сияқты танымал дикторлармен бірден араласып кеттік. Қоңырау үнді Сауық Жақановамен әріптес болып, әуе толқынына бірнеше хабардың шығуына атсалыстым.

Қазір тәуелсіз ел атандық. Бірақ мен тілге тиек еткен курс құрдымға кетті. Бәлкім, әлі де кеш емес шығар. Жоғарыда айтылғандай арнайы курс ашып, сол курсты тәмамдаған маманды ғана телеарнаға қабылдаған жөн шығар. Әйтпесе, аттары жоқ, пішіні бар, мазмұны жоқ, кескіні бар «жансыз қуыршақтар» экранды жаулаған үстіне жаулай түспек. Ал, «жансыз қуыршақтан» жанды ақпарат есіту әсте мүмкін емес. Бұл кемшілік аймақтардағы телеарналарға да ортақ мәселе.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ,**
**телерадио ардагері.**

Кең, жарық мейрамханада, дастарқан басында отырмыз. Асабаның аз ғана тыныстап қалғанын пайдаланған жұрт араның ұясындай гу-гу етіседі. Кенет, «Кэнон» фотоаппаратын ииніне ілген жас жігіт бізге жақын келді де:

– Суретке түсіремін, иықтарыңызды қосып, бері қарап отырыңыздар, – деп отырған орындықтарымызды олай-бұлай жылжытып, үстелдің бір бұрышына үймелетті. Менің осы суретке түскім келмеп еді, «бізбен бірге түспейсің бе?» деген достарымның сөзін қимадым.

Біраздан соң әлгі жігіт бір-бір суреттен ұстатып, 300 теңгеден ақша жинап алып кетті. Ал, суретке қарасам, ешқайсысының бет-ауыздарында қуаныш үстіндегі нышан жоқ, бәрі де фотоаппаратқа қарай қалған. Еңкіштеу отырған біріміздің жүзімізді шампанның бөтелкесі екіге бөліп тұр. Оған фотосуретші мән бермеген.

Келесі тойда да осындай көріністер қайталанды.

– Қарағым, мен қалай отырмын, суретке солай түсір, – дедім суретшіге, ол менің сөзіме құлақ аспады. Жұртты тағы да бір бұрышқа үймелетіп, аппаратын жарқылдатып жатты. Бірақ мен сол тойдан

# ТОЙДА ТҮСІРІЛГЕН ТОҢМОЙЫН СУРЕТТЕР



үндемей кетуді дұрыс көрмедім. Фотосуретшіге оңаша жолығып, ақылымды айттым.

– Сен әрбір адамның сол сәттегі көңіл-күйін, оның әрекет үстіндегі бейнесін ізде. Мәселен, тойда көптен көріспеген ағайындар құшақ ашып, қауышып жатады ғой немесе еңкейіп ере келген немересін сүйеді. Толқып тілек айтқан сәттер де бір қызық. Міне, осы көріністер әркім үшін-ақ қымбат. Сондықтан фотограф тойға дастарқан басында ғана емес, оның әуелгі басынан келуі керек.

Білесің бе, адам бір жарты тәулікте дене мүшелерімен – көзбен, кірпікпен, ауызбен, белмен, қолмен бір миллион қимыл жасап үлгіреді екен. Осы қимылдар адам басында дәл сол қалпында енді қайтып ешқашан қайталанбайды. Тіпті бір қимылын қайталай беретін бишілер де әр биде әр түрлі қимыл жасайды. Сурет деген құдірет сол бір екі дүниеде қайталанбайтын әрбір сәтті сол күйінше көшіріп алып, атадан балаға жеткізіп жатыр. Фотографты сол үшін де құрметтейді. Бұл – өлмес өнер. Кино шықты екен деп театр жабылып қалған жоқ, ғаламтор келді деп газет шықпай қалған жоқ. Сол секілді бейне жасайтын небір құрылғылар ойлап табылғанымен, фото өнері өз биігінен аласармайды.

Келесі бір тойда ақылымды айтқан жас жігітке тағы жолықтым. Ол фотоаппаратын бұрынғы әдетінше сыртылдатып, шытырлатып ақшасын алып кетіп барады. Түсіндіре алмаған екенмін...

Фототілші маман, қырық бес жылдан бері сурет өнерімен айналысып келе жатқан Болат Омарәлиев айтады:

– Көпшілік орындарда суретке түсіру үшін адамды арнайы дайындаудың қажеті жоқ. Өйткені, адамға оның іс-әрекет үстіндегі бейнесі қызығырақ. Қазіргі заманауи фотоаппараттар бір секундта бірнеше кадр жасап үлгіреді. Енді фотограф болудың қажеті не, аппарат түймесін бала да баса береді дейтін пікір бар. Бұл дұрыс емес, суретші өз нысанына қай қырынан келуді білмейінше, адамның көзіндегі сезімді көре алмайынша, түсірген суретіңді оның егесі бір көрген соң лақтырып тастай салады.

Сондықтан суретші арнайы мамандық алуы керек немесе оның құдай берген сезімталдық қабілеті болуы шарт.

Ал, тойханадағылар тек ақша үшін жұмыс істеп үйренгендер.

***

Кәсіби маманның сөзі рас. Біздің үйде тойда түскен суреттер көп. Бірақ ешқайсысы сөйлемейді, сыр айта алмайды, бетіңе бажырая қарап тұр, тоңмойын...

**Д.АЯШҰЛЫ.**

● ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

# ЖОБА ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АРТАДЫ

Биылғы жылдың сәуірінде меморандум аясында ҮЕҰ-ның әлеуметтік маңызы бар жобаларына байқау жарияланған болатын. Оған барлығы 49 жоба келіп түссе, оның 38-і сараптамалық комиссияның мақұлдауына ие болды. Осы апта ішінде жоба орындаушыларының атқарған істері жайлы қоғамдық тыңдау өткізілді. Қоғамдық тыңдауға ҮЕҰ жетекшілері, облыстық «Азаматтық Альянс» қауымдастығы жанындағы сараптамалық комиссия мүшелері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері қатысты.

Онда қауымдастық төрайымы Дариға Ақмағамбетова қабылданған үшжақты меморандум аясында жыл басынан бері атқарылған жобалардың орындалу барысы туралы баяндады. Сондай-ақ «Сырдария ауданының әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұлмекен Жаналиева, «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ғалымжан Камалов өздері жетекшілік ететін жобалардың орындалуы туралы мәлімдеді. Қоғамдық тыңдауда мұнан өзге үкіметтік емес ұйымдардың есебі тыңдалды.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**

**Өткен аптада облыстық прокуратураның баспасөз орталығында аймақ прокурорының аға көмекшісі Ғабит Тобажанов БАҚ өкілдерімен баспасөз брифингін өткізді. Онда негізінен облыс көлемінде аңқұс ату, балық аулау бойынша заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу және оны болдырмау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында айтылды.**

# ЗАҢСЫЗ ІС-ӘРЕКЕТ ОРҒА ЖЫҒАДЫ

БАСПАСӨЗ БРИФИНГІ

– Осы жылдың есепті мерзімінде балықты заңсыз аулау мен су өсімдіктерін заңсыз алу бойынша 3 қылмыстық іс қозғалды. Облыстық ІІД-ның табиғатты қорғау тобының қырағылығы нәтижесінде Самара-Шымкент тас жолының бойынан тоқтатылған «Нива» көлігінен аулауға тыйым салынған балық түрлері мен бірнеше қармақ тәркіленді, – деді аға көмекші. – Сондай-ақ заңсыз аңшылық үшін 13 қылмыстық іс қозғалды. Бірқатар іс сотқа жолданып, айыптау үкімдері қабылданған.

Хабарламашының айтуынша, Жалағаш ауданына қарасты Жаңадария ауылы сыртынан ақ түсті қызметтік автокөлік ішінен қапқа салынған белгісіз жануардың бөлшектелген еті табылған. Тергеу барысында ұсталған екі азаматтың бұрынғы кеден қызметкерлері екені, олардың автокөлігінен алынған бөлшектеліп, сойылған жануарлардың 11-і атуға тыйым салынған қарақұйрықтың, 17-сі қоянның еті екені анықталған. Кінәлі деп танылған екі азамат мүліктері тәркіленіп, екі жылға бас бостандығынан айыруға, жазасын түзеу колониясының жалпы режимінде өтеуге сотты болды.

Аталған мерзімде қаралған істің үшеуі прокуратура органдары арқылы қозғалған. Мәселен, Арал аудандық прокуратурасы Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен бірге балық айналымын реттейтін заңнамалардың қолданылуына тексеру жүргізді. Соның нәтижесінде «Камбала-балық» ЖШС құзыретті мекемесінің арнайы рұқсатынсыз сәуір айының 11-30-ы аралығында 2730 келі камбала балығы заңсыз ауланып, мемлекетке 2362815 теңге көлемінде зиян келтірілгені анықталды. Осыған байланысты аудандық прокуратура мен серіктестіктің лауазымды тұлғаларына қатысты ҚР заң баптарына орай қылмыстық іс қозғалып, Арал аудандық ішкі істер бөліміне жолданған.

Облыстық ішкі істер департаментіне аймақтағы табиғи аң-құстардың, балықтың өсіп-өнуіне мүмкіндік жасау, оларды заңсыз ауламау мақсатында облыс көлемінде «Браконьер» жедел профилактикалық іс-шарасын ұйымдастыру ұсынылды. Сонымен қатар, облыстық қаржы полициясы өз кезегінде ІІД-мен бірлесе отырып, жергілікті жерде балық аулауға рұқсат етілген кәсіпшілік және оған жатпайтын құрал түрлері бойынша, еркін сауда жасауға заңдармен тыйым салынған не шектелген тауарлармен сауда жасау барысына тексеру жұмыстарын жалғастыруда. Бұған қоса, уәкілетті орган мамандарының қатысуымен рейдтік тексерулер жүргізілді. Жасалған рейд нәтижесінде Айнакөл елді мекеніне қарасты «Жаманкөл» су айдынында еш құжатсыз, заңсыз балық аулап жүрген қос азамат ұсталды. Оларға заң талаптарына сай үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып, табиғатқа келтірген залалдары толығымен өндірілді.

Облыстық прокуратураның жұмыс жоспарына сай осы жылдың мамыр айында Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының қызметіне тексеру жүргізілген-ді. Оның қорытындысы бойынша балық шаруашылығы инспекцияның 4, облыстық орман және аң шаруашылығы инспекциясының 2 қызметкерінің заң талаптарын бұзғандығы анықталып, тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Осы орайда қазіргі браконьерлердің сапарға жол талғамайтын шетелдік автокөліктермен, соңғы үлгідегі техникалық жарақтармен шығатынын, аймақта 5012428 гектарды құрайтын 26 аңшылық алқап бар екенін ескерсек, жануарлар дүниесін қорғауға бағытталған мекеменің материалдық-техникалық базаның сын көтермейді. Демек, табиғаттың төл перзенттерін қорғауға тиісті мекемелер заман талабына сай техникалық базамен қамтамасыз етілуі қажет. Өйткені, табиғат байлығын қорғауда оны аулаушылармен күрес жалғаса беретіні сөзсіз.

Облыс прокурорының аға көмекшісі журналистердің сұрақтарына жауап берді.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

# БҮЙРЕГІН БАЛАСЫНА БЕРГЕН АНА

Ерлік... қазіргі ұрпақ ерлікті қалай түсінеді? Пайымдауымша, ерлікті қарулы соғыста кеудесін оққа төсеу деп сезінетін секілді қазіргі ұрпақ. Алашымыздың тарихына көз тіксек, ақыл-парасатымен дүйім халықты басқара білген Домалақ анамыз (Нұрила ханым) және қан көксеген Кир патшаның басын шауып, дарияға лақтырған Тұмар ханым секілді аналарының ерлігін қайталаған кешегі Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк пен Әлия еді. Еңбек Ері қазақтың қайсар қызы, жерлесіміз Жадыра Таспанбетова осы бір теңдессіз ерліктерді бейбіт күнде қайталады емес пе?!

Күйбең тіршіліктің өзінде-ақ жоғарыдағы қайсар аналарымыздың ерлігін бойға сіңірген аналарымыз арамызда жүр. Ауданымыздың Байсын ауылдық округының тұрғыны, қадірменді ақсақал, білім саласының ардагері Әліұлы Сәду атамыздың елге сіңірген еңбегі ел есінде. Соның бір үзігін туған ауылында жастар жүрегіне имандылық ұялатар Алланың жердегі үйі – «Әлі Ата» мешітін соғуы сөзіміздің дәлелі. Шиеліде әзіз ақсақалдың кенже ұлы Қуат пен келіні Жәмиланың тұңғыш ұлдары Самат айықпас ауыр дертке шалдығып (сусамырдың ауыр түрі) оның бірден-бір емі тек қана бүйрек ауыстыру отасы және ол донор бүйрегі болу керектігі анықталған еді. Жоспарлы ота Алматы қаласындағы Сызғанов атындағы экспериментальды-хирургиялық орталықта жасалуы тиіс. Ұлы үшін әке донор болуға өз ықыласын берді. Бірақ, зерттеулер нәтижесінде донор бүйрегі бала ағзасына сай келмейтіндігі анықталды. Көз алдарында жаққан шырақтарының сөніп бара жатқандығы ана жанын ышқынтып, жүрегін ауыртты. Ойланбастан донор болуға келісім берді. Күрделі ота тәжірибелі дәрігерлер көмегімен сәтті жасалып, сөнгелі тұрған шырақтары қайта жанды. Бұл күнде жансақтау бөлімінен жалпы бөлімге ауыстырылған ана мен баланың жалпы жағдайлары қанағаттанарлық. Өшіп бара жатқан үміт оты қайта лаулап жанды деген осы.

Қазақтың ақберен аналарыай! Жоғарыда өткен тарихымыздағы аналардың ерлігі туралы бекер сөз қозғағанымыз жоқ. Он сегіз мың ғаламды жаратушы Жаппар ием «жұмақтың кілтін іздесең, ананың табанының астында» деген ғақлиясын еске алсақ, ана тілегінің қабыл болғаны да. Жәмила анамыз ерлік жасадым деп ойламаған да шығар. Әрбір ананың іс-әрекеті ерлікке парапар. Қуаныштарыңыз ұзағынан болсын!

**Қайрат ИСМАИЛ.**
Шиелі ауданы.

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ

Жемқорлықпен күресті күшейту қажеттігіне Елбасымыз өзінің әрбір Жолдауында баса назар аударып келеді және әр деңгейдегі мемлекеттік органдарда жемқорлыққа қарсы күресте нақты шаралар жүргізуді талап етеді.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекітті.

Қызылорда облысы бойынша монополияға қарсы инспекция мамандары өз қызметінде «ҚР Конституциясына», Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына, Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына, «Ар-намыс» кодексіне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып жұмыс атқаруда.

Білімдерін нығайту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер мәселелері бойынша инспекция мамандары арасында жиналыс өткізіліп тұрады.

Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер міндетті есепке алынады және заңмен белгіленген мерзімде қаралады. Барлық келіп түскен және қаралған өтініштерге дер кезінде жауап қайтарылады. Азаматтарды қабылдау күндері белгіленген. Әр өтініш бойынша мәселелерді шешу мақсатында жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар, азаматтардың арыз, өтініштері үшін арнайы жәшік орнатылған.

Мәліметтерді жинау үшін – азаматтар бөлімнің қызметіне қатысты сұрақтар бойынша қажетті ақпарат алуы және олардың сұрақтарын карауда бюрократизм, сыбайлас жемқорлық туралы деректерді хабарлау үшін 23-92-71 сенім телефондары жұмыс жасайды.

Жыл сайын инспекцияның барлық мемлекеттік қызметкерлері салық комитетіне кіріс бойынша декларация тапсырады. 1-ші наурызға дейін инспекцияның барлық әкімшілік мемлекеттік қызметкерлері 2012 жыл бойынша электронды түрде декларация тапсырды.

Осы шаралардың барлығы жұмыстың сапасын көтеруге, өз қызметтерін атқаруда ашықтыққа, сол сияқты жемқорлық көріністерінің алдын алуға жүйелі және жоспарлы түрде мүмкіндік береді.

Қорыта келе, жемқорлық мемлекетіміз үшін аса қауіпті дерт екендігін және осы дертпен күресу, алдын алу тек мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, әрбір адамның үлкен парызы екендігін ұмытпауымыз қажет.

**А.ПОСТАНОВ,**
**Қызылорда облысы бойынша монополияға қарсы инспекция басшысының орынбасары.**

# МӘҢГІЛІК ӨМІРДІ ӨНЕРДЕН ІЗДЕГЕН

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Философия және мәдениеттану» кафедрасы «Қорқыт. Мәңгілік өмір» тақырыбында университет білім алушыларымен Бүкіләлемдік философия күніне арнап іс-шара өткізді.**

Жыл сайын қараша айының үшінші бейсенбісі Философия күні ретінде ЮНЕСКО-ға мүше 80-нен астам елде аталады. Басты мақсат философияны академикке, білім алушыға, көпшілік қауымға, философиялық ойлауға, сыни көзқарас пен пікірталасқа жаңа мүмкіндіктер ашуға ұмтылатын барлық адамға бірдей әрі жақын ету болып отыр.

Университетте өткен іс-шарада түркі халқының ортақ бабасы – Қорқыт атаның философиялық мұрасын білім алушылар арасында терендете насихаттау, Қорқыт дәуірін білу арқылы орта ғасырдағы өз тарихымызға нақты ғылыми философиялық көзқарас қалыптастыруға баса мән берілді.

Басқосуға қатысқан университет профессорлары мен оқытушылары тақырыптың өзектілігіне, өміршеңдігіне тоқталды. Философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі Оңғар Бермаханов шараны ұйымдастырудағы көздеген мақсаты туралы айтты. Қазақстан егемендік алғаннан кейінгі өтпелі дәуірде өзінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін, саяси билігін әлемдік либералдық, демократиялық талаптарға сай қалыптастырып, бірақ алғашында еліміз бен мемлекетіміздің саяси-практикалық саласына баса назар аударуға мәжбүр болды. Осылай болғандықтан да Елбасы Н.Назарбаев аталған бағытты өзі жүргізіп отырған сындарлы саясатының негізі ретінде белгілеп, басымдық беріп отырды. Алайда, біз өтпелі дәуірден шығып қалыптасқан мемлекетке айналдық, болашақта жан-жақты дамуға мүмкіндік жасай алатын қуатты саяси-әлеуметтік құрылымға қол жеткіздік. Ендігі кезекте біздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылып, сапалы адами дамуымыз үшін рухани түрде қалыптасуымызға баса назар аударуымыз қажет. Отарлау саясаты кезеңінде біздің қазақ халқы көптеген құндылықтарынан көз жазып қалған. Тарихи сабақтастыққа, ұлттық құндылықтарымызға негізделген төл мәдениетімізге, рухани қазыналарымызға айтарлықтай соққы беріліп, әлсіреген. Оның ішінде орны толмас салалар да бар. Тарихи себептерге біздің өткен көшпенді шаруашылығымыз, жазу өнерінің тым кеш пайда болуы, бір ғасырдың ішіндегі салтымызды жойып жібере жаздаған тар жол-тайғақ кешулерді қосуға болар еді. Мұның өзі барлығын қосқанда өткен тарихымызды объективті зерттеп, біріздділікпен шынайы құрастыруға мүмкіндік бермеді, тарихымыз көпе көрнеу бұрмаланды. Осыған орай кеңестік-сталиндік идеологияның «жаңа адам жасау» жолындағы біздің тарихымызға тигізген зор апатын ерекше атауға болады. Қазіргі тәуелсіздік кезеңінде тарихымызға қайта оралу, алыс-жақын шет елдердегі шашырап жүрген тарихымызды жинақтап өткен өміріміздің объективті картинасын қайта қалпына келтіру жұмыстары ұлттық дамуымыздың кезекті алғышарты болмақ. Осы тұрғыдан алғанда Қорқыт бабаның өмірі мен дәуірі, оның тарихи тағдырлары, біздің жаңа тәуелсіз тарихымыздағы алар орнын философиялық ой елегінен өткізіп белгілеу ерекше өзектілікке ие деп есептейміз.

Философия күніне орай университет студенттері арасында эссе жазуға конкурс жарияланған болатын. Осы күні сайыс қорытындыланып, жүлдегерлер марапатталды. «Қорқыт атаның өмір концепциясы», «Ажалмен арпалысқан адам», «Қорқыт. Мәңгілік өмір» тақырыптарын көтерген Сұлтанжан Жетесби, Салтанат Бақбергенова, Жансая Оңғар, Лаура Алпысбай, Ғалия Асан, Жанар Жүсіпованың шеберліктері арнайы сыйлықтарға лайық деп танылды. Көркемдік шеберлігі, шешендік өнері, философиялық мазмұны қабысқан эсселер шәкірттердің мәңгілік өмірді өнерден іздеген тұлғаның философиясын түсінгенін айғақтайды.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

## «Гелиосты» шабуылдағандар ұсталды

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Осыдан екі апта бұрын Қызылорда қаласындағы «Ақмешіт» мөлтек ауданында орналасқан «Гелиос» жанар-жағармай құю бекетіне бетперде киген екеу баса-көктеп кіріп, 780 мыңға жуық қаражатты қалтаға басып қашып кеткендігі БАҚ-тарда жарияланды. Жай кетпей, алдынан қарсыласа шыққан бекет кассирін атып кеткен еді. Қару оғынан касса қызметкері оқиға орнында қайтыс болды.

Аталмыш дерек бойынша қылмыстық іс қозғалған болатын.

Осы аптада, жедел жүргізілген іздестіру нәтижесінде қылмысқа қатысы бар деген сезікті үш адам ұсталды. Олардан айғақты заттар алынып, қылмыстары нақты дәлелдемелермен бекітілді. Қазіргі кезде олар тергеу абақтысында отыр.

Айдың-күннің аманында қойнына қару тығып, қоғам мен адамға қастандық жасап жүргендер тиісті жазасын алады деп сенеміз.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

# БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫҢ БЕДЕРІ

Қаламыздағы №187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектебінде жаңа ақпараттық-педагогикалық технологияларды пайдалану негізінде сапалы білім беру бағыты бойынша, «әлеуметтік серіктестік негізінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру» тақырыбында облыстық семинар болып өтті.

Семинар жұмысына қалалық білім беру бөлімі бастығы М.Аралбаев, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Қызылорда облыстық педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты бастығының орынбасары С.Серікбаев, мектеп ұжымы және облыс мектептерінің ұстаздары қатысты.

Шара аясында, «тіл мәдениеті және лексикалық норма», «геометрия есептерін шешуде комбинаторика элементтерін қолдану» элективті курсы, «графикалық юзавелити талаптары» атты ізденіс және семинар сабақтары болды. Қатысушылар «әлеуметтік серіктестік негізінде бейіндік және бейіналды дайындық жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру» шеберлік сыныбында тәжірибелерімен бөлісіп, түсінбеген сұрақтарын талқылады. Ұстаздар бағыт-бағдарлау жұмыстарын бұдан әрі жетілдіру жайында талқылады. Семинар сонында, ұстаздар қауымы ұйымдастырушы, №187 орта мектеп директоры Айгүл Мұсабаеваға алғыстарын білдірді.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

# Ең сенімді кепілдік

**Банк салымшылары салымға орналастырылған ақшаларынан айырылып қалу мүмкіндіктерінен қаншалықты сақталатынына көңіл бөледі. Оқырмандардың ең маңызды сауалдарына Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мамандарын жауап беруді сұрадық.**

**Ғаламторда келесідей ақпараттар көп: «Салым бойынша пайыз – жылдық 200%, кепілді, сенімді!». Әңгіме банк салымдары туралы айтылмаса да, бірақ жиі пайдаланатын сөздер: «салым», «депозит», «жинау». Шынында да мұндай жарнама әлдеқандай кепілдік бере ме?**

**Сауле Бисембаева**

– Басқа қаржы құралдарының түрлеріне қарағанда, банктегі депозиттер қатерсіз болып табылады – банк салымының соңғы мерзімінде салымшы депозитке салынған бастапқы сомасын және шартпен қарастырылған депозит бойынша сыйақы сомасын кепілді түрде алады. Бұл жағдайда салымшы үшін тәуекел банкті мәжбүрлі түрде тарату жағдайында болады, бұл, әрине, сирек болатын жағдай, бірақ Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры осы жағдайдағы жеке тұлғалардың барлық салымдарына кепілдік береді.

Жарнамада басқа қаржы құралдары туралы – тәуекелді болатын және мемлекет тарапынан кепілдікке жатпайтын үлеспұлдық инвестициялық қорлар, акциялар және т.б., сонымен қатар қаржы пирамидасымен ұсынылатын сыйақы туралы айтылуы мүмкін. Соңғының қызметі заңмен қудаланады.

**Кепілдік беру жүйесіне қатысатын көптеген банктер салымға кепілдік беретін жүйенің қатысушысы болатынын үнемі қайталайды. Егер банк осы ақпаратты белгілемесе, онда ол кепілдік ұсынбайтынын көрсете ме?**

**Асхат Тугусов**

– Жоқ, көрсетпейді. Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға сәйкес, депозиттерді қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясы бар барлық қазақстандық банктер, тек ислам банктерінен басқа депозиттерге кепілдік беру жүйесіне кіруге міндетті. Яғни, осындай банктердегі жеке тұлғалар салымдарының барлық түрлері кепілдендірілген болып табылады. Демек, тұрғындардың депозиттеріне кепілдік беретін банк емес, ал коммерциялық емес ұйым – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры екендігін айрықша баса айту қажет. Ұлттық Банк Қордың жалғыз акционері болып табылады.

**Салымның сақтандыру жүйесі қаншалықты сенімді және тұрақты?**

**Максим Селезнев**

– Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі қаржылық тұрақтылықтың жоғарғы деңгейінде тұр. 2013 жылдың 1 қарашасына кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының арнайы резервмөлшері 231,2 млрд. теңгені құрайды.

Қордың арнайы резервінің жетіспеушілігі пайда болған жағдайда, ҚР заңнамасымен депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерінен қосымша жарналарын өндіріп алу немесе жетпей тұрған қаражатты Қазақстанның Ұлттық Банкінен қарызға алу есебінен осы жетіспеушілікті өтеуге шаралардың барлық түрлері қарастырылған. Бұдан басқа, мемлекет Қордың жалғыз акционері Қазақстанның Ұлттық Банкі атынан қажет болған жағдайда Қордың жарғылық капиталын толтыруы мүмкін. 2008 жылдың соңынан бастап, Қордың акционері арнайы дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында жыл сайын оның жарғылық капиталын 10% көбейтеді.

**Қайсысы жақсы – банк салымдарының мемлекеттік кепілдігі ме әлде жекеменшік кепілдігі ме?**

**Анжелика Увалиева**

– Көп жағдайда белгілі бір мемлекеттің қаржы реттеуші органдары қаншалықты мықты екендігіне тәуелді. Германия немесе Швейцария секілді көптеген еуропаның дамыған елдерінде қаржы реттеуіштер үлкен өкілеттікке ие, сондықтан банкте азаматтардың сақталған ақшаларына кепілдік беретін жекеменшік жүйесі айтарлықтай тиімді әрекет етеді. Алайда, халықаралық қаржы ұйымдарының ұсыныстарына сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесі мемлекеттік болуы тиіс. Шынында да, көптеген дамып келе жатқан елдердің даму және реттеу саласындағы белгілі бір жетіспеушіліктерге байланысты, қаржы нарығының тұрақтылығы төмен. Тиісінше, осындай елдерде мемлекеттік қаржыландыруға кең және ең жеңіл қол жеткізе алатын депозиттерге кепілдік беретін мемлекеттік жүйесі, жекеменшікке қарағанда тұрғындарда үлкен сенімділік тудырады. Сондықтан бүгінгі күні әлемнің көптеген елдерінде жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік беру мемлекеттік болып табылады.

**Банктегі барлық шоттарға кепілдік беріле ме?**

**Ботагоз Сауытбекова**

– Иә, банк шотының және (немесе) банк салымының шарттарымен куәландырылған және кез келген банк шоттарында оның есептелмеген сыйақысы бойынша жеке тұлғалардың депозиттері теңге және шетел валютасында мәжбүрлі түрде таратылуы жағдайында қатысушы банкінің қайтару бойынша міндеттемелері депозиттерге міндетті кепілдік беру нысаны болып табылады.

Сондықтан, Қор жеке тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банктегі барлық депозиттеріне кепілдік береді – талап етуге дейінгі салымдарға, мерзімді және шартты депозиттерге, сонымен қатар ағымдағы және карт-шоттарға.

**Мария ИБРАЕВА.**

**P.S. Беттеме жасалып жатқан кезде, Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы(IADI) Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорына ең беделді номинацияларының біреуін – «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдірудегі жетістіктері үшін» жылдың ең үздік ұйымы деген атағын бергені туралы белгілі болды. IADI Қордың келесідей жетістіктерін ерекше бағалады:бизнес-процестерді оптимизациялау және техникалық шешімдерді дамыту, дамыған риск-менеджмент жүйесі және стресс жағдайларындағы операцияларды жоспарлау, ілгері дамыған қорландыру жүйесі және т.б.**

**Қазақстанда депозиттерге кепілдік беру туралы қосымша ақпаратты Қордың мамандарынан «шұғыл байланыс» телефоны - 8 800 080 10 20 арқылы алуларыңызға болады (Қазақстан бойынша қалалық нөмірлерден қоңырау шалу тегін).**

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

# «ОЗЫҚТЫҢ» ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

**Кешегі кеңестік одақ ыдыраған тұста оның алғашқы ауыртпалығы алдымен жеңіл өнеркәсіп саласына соққы болып тиді. Өйткені бір-біріне шикізатқа не техникасына тәуелді болып келген республикалардың байланысы күрт үзілген еді. Соның әсерінен фабрикалар мен кәсіпорындардың жұмысы тығырыққа тірелді. Тіпті, сол кезде олардың басым бөлігі жабылып та қалды. Дейтұрғанмен, егеменді ел атанған Қазақстанда бұл салаға қайтадан жан бітті. Сөйтіп оны дамыту ісі кеңінен қолға алынды. Айта кету керек, жеңіл өнеркәсіп саласына бұлайша басымдық берудің өзіндік мәні де бар. Соның бастысы бұл салада өнім өндірумен қатар, жаңадан жұмыс орындары да көптеп ашылды. Ал бұл дегеніңіз қазіргідей нарықты экономика кезінде зор маңызға ие екені айтпаса да түсінікті.**

Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы алғашқы болып ашылғандардың бірі Қызылорда қаласындағы «Озық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болды. Қазір бұл серіктестік еліміздегі ең үздік әрі үзіліссіз жұмыс істеп келе жатқандардың бірінен саналады. Дегенмен де, кәсіпорынды ашу мен дамытудың оңайға соқпағанын айта кеткен де дұрыс. Өйткені, қандай да бір жаңа кәсіпті ашу үшін біліктілік қажет. Сондай-ақ, онда жұмыс істейтіндердің өз ісінің нағыз маманы болуы да шарт. «Озық» ЖШС ашқан оның құрылтайшылары баста осы мәселелерге айрықша ден қойды.

– Бүгінде біздің фабрикада 150-ден астам адам жұмыс істейді, – дейді серіктестік директоры Анатолий Сергеев. – Қазір әлемді дағдарыс жайлап бара жатқанын күнделікті ақпарат көздерінен көріп, біліп жүрміз. Бірақ сол дағдарысыңыз бізге әсер ете қоймайды деп нық сеніммен айта аламын. Керісінше, бүгінде біздің фирмамен серіктес болушылар қатары күн санап артып келеді. Соған орай кәсіпорынның тігетін бұйымдарына да сұраныс көбейе түсуде. Айта кетерлігі сол, сұраныс жасаушылар тек қазақстандық мекемелер ғана емес, сондай-ақ, шетелдік компаниялар да бар. Біз оларға арнайы жұмыс киімін тігіп береміз. Соның ішінде Байқоңыр кешенінің ғарыш айлағында жұмыс істейтін мыңдаған адам біздің тіккен киімдерімізді пайдаланатынын мақтанышпен айта аламыз.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары, яғни еліміз нарықты экономикаға көшер алдында Қызылорда қаласында тігін бұйымдарын шығаратын үш фабрика болды. Өкінішке орай, сол үш фабрика алғашқы ауыртпалықтарға шыдас бермей, өмір сүруін тоқтатқан еді. Сөйтіп жүздеген тігіншілер жұмыссыз қалды. Осы сәтті ұтымды пайдаланған Анатолий Сергеев өз жолдастарымен «Озық» ЖШС ашып, онда жұмыс істеуге бос жүрген тігіншілерді шақырды. Рас, алғашқы кезде олардың кішкентай ғана жерде жұмыс істеулеріне тура келді. Анығын айтқанда, серіктестікті құрушылар 1993 жылы таратылған бұрынғы түрменің ішіндегі моншаны аукцион арқылы сатып алып, оны қолдарынан келгенше жөндеп, тігін цехына айналдырған еді. Бұл цехта алғашқы кезде қаракөл елтірісі өңделді. Шынын айту керек, ол кезде облыстың қой шаруашылығы нағыз өркендеп тұрған кезі болатын. Соның ішінде асыл тұқымды қаракөлді табу еш қиындық келтірмейтін. Бірақ, уақыт өте келе сол қой шаруашылықтары да құрдымға кетіп, қаракөл елтірісін өндіру де тоқтап қалды. Шикізаттың жетіспеушілігіне орай серіктестік көп ұзамай арнайы жұмыс киімін тігуді қолға алды. Ол кезде цехта он тігінші, бес тігін машинасы ғана болған. Әрі жұмыс істейтін жердің аумағы бар болғаны жүз шаршы метрді ғана құраған. Бүгінде бәрі де өзгеше. Атап айтқанда, тігін машинасы 200-ден асса, жұмыс істейтін жер үш мың шаршы метрді құрайды. Серіктестік өндіріс алаңын ұлғайтумен қатар, оған қажетті құрал-жабдықтарды да жаңартты. Соның ішінде бір өзі бір бөлмені алып тұрған шетелдік «Норд Феникс» әмбебап тігін машинасының алар орны ерекше. Бұл техника яғни, арнайы бағдарламамен жұмыс істейтін компьютерлік машина кез келген сурет пен оюөрнекті өзі салып, оны көбейте алады.

Істің көзін тек маман біледі дейді. Серіктестік басшылары да осы ұстанымды қатаң ұстайды. Сондықтан да болар, кәсіпорын құрылған кезде онда жұмыс істеуге тартылған бұрынғы мамандар Мәскеу қаласында қайта оқудан өткен. Сөйтіп, тері өңдеу ісіне машықтанған. Серіктестіктің өзі де жұмыс істеу үшін Мәскеудегі «Росмех» институтынан сертификат алған.



Бүгінгі күндері де серіктестік қаракөл елтірісін пайдалана отырып фирмалық киімдер мен бас киімдерді тігуді жалғастырып келеді. Тек тігілетін бұл өнімдерге шикізат сырттан әкелінеді. Шыны керек, қазіргі ел экономикасы дамып, көптеген салалардың, соның ішінде облыста асыл тұқымды қой шаруашылығының қайтадан қолға алынып, жандана бастағанына кәсіпорындағылар зор үмітпен қарап отыр. Әрі сондай шаруашылықтармен серіктес ретінде жұмыс істеуге әзір екенін де жасырмайды. Өйткені, қаракөлден тігілген киімдер ешқашан сәннен кетпейді. Қайта уақыт өткен сайын оған деген сұраныстар арта түсуде дейді мұндағы мамандар. Сондай-ақ, бұл кәсіпорында бүгінде қой терісінен тон мен ішік, дубленка секілді сырт киімдер де тігіледі. Негізі кәсіпорын арнайы жұмыс киімдерін тігуге мамандандырылған. Қазір оның мұндағы түрі 120-дан асады. Соның ішінде дәнекерлеушілердің қыста киетін ауыр сырт киімдері мен дәрігерлер мен медбикелерге арналған халаттар секілді арнайы киімнің мұнда жылына 12-15 мың данасы тігілетін көрінеді. Жалпы кәсіпорын жылына орта есеппен 150 млн. теңгенің өнімін өндіреді. Әрине, бұл соманы мұнан да арттыруға болатын көрінеді, тек сұраныс көбейсе.

Негізі өнім өндірілген жерде онда жұмыс істейтіндердің әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы да жақсара түсетіні белгілі. Соның бастысы, кәсіпорынның жаңадан заман талабына сай салынған ғимаратында жұмысшылар үшін жылу мен жарық, ауаны тазартып тұратын желдеткіш үзіліссіз жұмыс істейді. Осындай жайлы жерде еңбек ететін тігіншілердің орташа еңбекақысы бүгінде 50 мың теңгені құрап отыр. Мұнан бөлек серіктестік басшысы айтқандай, соңғы алты жылдан бері жылда кәсіпорынның құрылған күніне орай жұмысшылардың еңбекақысын 15 пайызға көтеріп отыру дәстүрге айналған. Бұл тәртіпті мұндағы басшылар қатаң сақтап келеді екен. Бұдан басқа мерекелерде жұмысшыларға сыйақы да беріліп тұрады.



Сонымен, құрылғанына жиырма жыл толған «Озық» ЖШС тек соңғы төрт жылдың ішінде өзінің өндірісін өркендетуге елу миллионнан астам инвестиция салыпты. Бұл кіші және орта бизнес құрылымы үшін аз қаржы емес. Қайта басқа кәсіпкерлерге үлгі боларлықтай іс екенін атап өтуге тура келеді. Осындай мүмкіндігі зор серіктестік өнім түрлерін көбейтіп, оның сапасын қазіргісінен де жақсарта түсуді мақсат етіп қойған. Сөйтіп озық үлгідегі бұйымдарды тігіп, шетелдік кәсіпорындармен бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімделіп отырған жайы да бар.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ,**
**И.ТИТЕНОК** (сурет).




## ДҮЙСЕНБІ 9 желтоқсан

**Қазақстан-Қызылорда**
7.40 Үштаған 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Ғажайып өмір 10.45 Бала күтуші 11.40 Ұлы бақыт 12.00 Блудные дети 13.00 Бірегей 13.30 Жаңалықтар 14.15 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Алаш алыптары 20.00 Дені саудың-жаны сау 20.25 Кәнеки, тілім, сөйлеші! 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Казахстан-2050». Новая Стратегия развития» 21.30 Жаңалықтар 22.25 Химик 23.05 Х/ф «Ирония любви».

**ҚАЗАҚСТАН**
7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 00.00, 02.30 Жаңалықтар. 09.40. Апта кз. 10.45 Айтуға оңай 11.25, 15.55 «Шыңғыс хан» 12.45 Қазақтың қолөнері 12.55. Дауа 13.25. Ақсауыт 13.55 «Жанында жүр жақсы адам» 14.25 «Санжар мен Қайсар» 14.55. Әйел бақыты 17.00. Менің Қазақстаным 17.50 «Өзекжарды» 18.10. Ұлттық өнім 18.30 Бірегей іскер 19.00. Заң және біз. 19.30 «Ұстаз» 20.20 «Еңбек түбі береке» 21.05 «Айтуға оңай» 21.50. «Әпке» 22.40 Келін 23.30, 02.00 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен» 00.35 Спорт 01.00. «Көкпар» 01.45. «Өзекжарды».

**ХАБАР**
7.00 Жаңа күн. 09.00, 10.00 Жеті күн 11.00 Бармысың, бауырым? 11.50, 21.30 «Возвращение» 12.30 Ас-арқау 13.00, 15.00 Жаңалықтар 13.10 Білгенге маржан 14.00 «Әр үйдің сыры басқа» 14.30 «Казахстан-2050: преодолеть себя 15.10 Мать и мачеха 16.00 «Битва умов» 17.00. Жаңалықтар 17.15, 18.15 «Сұлтан Сүлеймен»18.00 Новости 19.10 Біз 20.00, 23.45 Қорытынды жаңалықтар 20.30 Бюро расследований 21.00, 00.50 Новости 00.15 Тотальный футбол. 22.10 «След» 23.00 Тотальный футбол 00.00. «Менің жерім».

**ЕЛ АРНА**
9.25 Құрбылар 10.50 М.ф 11.05 Ең қауіпті 60 жыртқыш 11.40 Атаманның ақыры 12.50, 22.10 25 шақырым 13.30 Жарайсың 14.00 Дон И 15.10 Қытай. Салтанат пен күрес тарихы 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 Құмырсқалар 17.10 Закрытая школа 19.30 Туған өлке 20.00 Сноски 20.20 Бәрі де мүмкін 21.00 Гу әулетінің шежіресі 22.45 Спасибо, что беспокоили.

**КТК**
6.05 «Попрыгунья» 7.10. «Япырай» 08.40 Айкуне 09.00 Особое здание 10.00 Другая правда 11.00Z Портрет недели 12.00 Слуги народа 13.00 Хроники недели 13.40 Смотреть всем! 14.45 Дорога домой 15.00 Баланың ісі – шала 15.15 Жүрекжарды 16.00 Мегакатастрофы 17.00 Япырай 18.00 Қайран заман! Жалғасы 20.30, 02.55 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.45. «Ключи от счастья» 23.40 Рейдер23.55 «Глухарь. Возвращение» 01.45 Предатель 02.55 Мегакатастрофы 03.40 Япырай 04.30 «Анда санда».

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**
11.05 Время обедать 11.45 Добрый вечер, Казахстан! 12.45 Қазақстанның болашағы қазақ тілінде 13.15 Үй болу қиын 14.00 Туған елдің түтіні 15.00 Күндізгі жаңалықтар 15.15 Новости днем 15.30 Судебные истории 16.25 Истина гдето рядом 16.45 Давай поженимся 17.50 Караоке такси 18.30 Жаңалықтар 18.45 Новости 19.00 Простая жизнь 20.00 Карпов 21.00 Новости 21.30 Туған елдің түтіні 22.30 Жаңалықтар 23.00 Караоке такси 23.30 Айналайын 00.10 Оттепель 02.20. Версия 03.10. В наше время 03.55 Большая перемена 05.00 Жить здорово.

**АСТАНА**
8.00 Тамақ «тамаққа» қарсы 08.40 Внимание: ЧП! 09.00 Соңғы саяхат 10.20 М/ф 10.30, 18.00 Жүрек жарған 11.30, 19.00 Қыз ғұмыры 12.20 Громкое дело 12.40 Казнет 13.10 Дневник с Гульжан Мукушевой 14.00 Новости 14.10 Личные обстоятельства 16.00. Күнделік Армангүл Тоқтамұратпен 16.50 «Соңғы саяхат» 20.00 Жаңалықтар 20.30, 01.30. Новости 21.00 Личные обстоятельство 22.00 Кулинар 23.00 Разбивающие сердца 00.00 Кеш емес.

## СЕЙСЕНБІ 10 желтоқсан

**Қазақстан-Қызылорда**
7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Ғажайып өмір 10.45 Бала күтуші 11.40 Ұлы бақыт 12.00 Алаш алыптары 13.00 Бірегей 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Алаш алыптары 20.00 Өзекжарды 20.50 Арнайы репортаж 21.00 Бизнесбағдар 21.30 Жаңалықтар 22.25 Химик 23.05 Х/ф «Дом, милый дом».

**ҚАЗАҚСТАН**
7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, Жаңалықтар. 09.45, 21.50 Әпке 10.40 Айтуға оңай. 11.25, 15.55 Шыңғыс хан 12.45 Спорт кз 13.10 Алаң 13.55 Жанында жүр жақсы адам 14.25 Санжар мен Қайсар 14.55 Әйел бақыты 17.25, 20.20 Еңбек түбі – береке 17.50 Еңселі Елорда 18.05. Сыр-сұхбат. 18.35 Бірегей мәмілегер 19.10. EXPO жолы 19.35, 03.55 Ұстаз 21.05 Айтуға оңай 22.40 Келін 23.30, 02.50. Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.35. «Бақытты әйелдер клубы».

**ХАБАР**
7.00 Жаңа күн 09.00, 11.00 Таңғы жаңалықтар 09.10 Д.с. 10.00 Новости 10.10, 19.10 Біз 11.10 След 11.50, 21.30 Возвращение 12.30 Көзқарас 13.00 Түскі жаңалықтар 13.10 Білгенге маржан 14.00 Әр үйдің сыры басқа 14.45 Музыкальные путешествия 15.00 Новости 15.10 Мать и мачеха 16.20 «XXI век: мегапроекты Н.Назарбаева» 16.50 «Подари детям жизнь» 17.00 Кешкі жаңалықтар 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 18.00 Новости 20.00, 23.45 Қорытынды жаңалықтар. 20.30 Арнайы хабар 21.00, 01.05 Новости 22.10 След 23.00 Жансарай 00.15. Менің жерім.

**ЕЛ АРНА**
8.30, 18.00. Ән арна 09.25 Құрбылар 10.50 М/ф 11.05 Ең қауіпті 60 жыртқыш 11.40. Атаманның ақыры 12.50, 22.10 «25 шақырым» 13.30, 19.00, 00.20 Жарайсың 14.00 Дон И 15.10 Сноски 15.30 Бәрі де мүмкін 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 М/с. 17.10 Закрытая школа 19.30 Шіркін лайф – Бурабайда 20.20. Әйелдің бәрі әдемі 21.00 Гу әулетінің шежіресі 22.45 Подарок Сталину.

**КТК**
6.10. Қайран заман! 07.15, 17.00. Япыр-ай! 8.15. Айкуне. 8.30, 20.30. Жаңалықтар 09.00, 12.40, 23.40. Рейдер 09.20 В городке 9.35. Бесценное время 11.00. Семейные драмы 12.00 Новости 13.05, 23.55 «Глухарь» 14.00 Давай поженимся 15.00. Махаббат мұңы. 16.00 Сыла. Тағдыр талқысы 18.00, 19.15 Қайран заман 21.00 Новости 21.45 Ключи от счастья 00.50 Путь на Олимп. 01.30 Лига чемпионов УЕФА 03.35. Лига чемпионов УЕФА.

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**
7.00 Доброе утро 11.00. Новости 11.05 Время обедать 11.45 Модный приговор 12.45 Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде 13.15. Үй болу қиын 14.00 Туған елдің түтіні 15.00, 15.15, 18.30, 18.45 Жаңалықтар 15.30. Судебные истории 16.25. Истина где-то рядом 16.45 Давай поженимся 17.50, 23.00 Караоке такси 19.00 Простая жизнь 20.00 Карпов 21.00 Новости 21.30 Туған елдің түтіні 23.30 Айналайын 00.10 Х/ф. Оттепель 02.20 Версия 03.10. В нашем время 3.55 Большая перемена.

**АСТАНА**
7.00, 07.30, 10.00, 13.00, 14.00, 20.00, 20.30 Жаңалықтар 08.00, 12.35 «Казнет» 08.25 Домашние войны 09.00, 10.10, 16.50 Соңғы саяхат 10.20 М.ф. 10.30, 18.00 Жүрек жарған 11.30, 19.00. «Қыз ғұмыры» 13.10 Кеш емес 14.10 Личные обстоятельства 15.05. Кулинар. 16.00 Элина. 21.00 Кулинар 23.00 Разбивающая сердца. 00.00. Сырласу.

## СӘРСЕНБІ 11 желтоқсан

**Қазақстан-Қызылорда**
7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 Ғажайып өмір 10.45 Бала күтуші 11.40 «Ұлы бақыт» /3-фильм/ 12.00 Алаш алыптары 13.00 Бірегей 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Алаш алыптары 20.00 Ақиқат алаңы 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Қазақстан-2050. Дамудың даңғыл жолы» 21.15 «Өмір-өлең 21.30 Жаңалықтар 22.25 Химик 23.05 Х/ф «Красный жемчуг любви».

**ҚАЗАҚСТАН**
7.00. Таңшолпан 8.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30 Жаңалықтар 09.45, 21.50 Әпке 10.40, 21.05. Айтуға оңай... 11.25, 15.55. Шыңғыс хан 12.45. Ұлттық өнім 13.05, 17.00. EXPO жолы. 13.25 Заң және біз 13.55 Жанында жүр жақсы адам 14.25 Санжар мен Қайсар 14.55 Әйел бақыты 17.50 Өзекжарды 18.10. Ұлт денсаулығы – табысты болашақ негізі. 18.35. Бірегей тәлімгер. 19.10. Қылмыс пен жаза 19.35 Ұстаз 20.20. Еңбек түбі – береке 22.40 Келін 23.30, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.35 Венди Ву: соғыс ханшасы.

**ХАБАР**
7.00. Жаңа күн. 9.00 Жаңалықтар. 09.10. Д.с. 10.00, 11.00, 13.00, 14.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.45, 01.05. Жаңалықтар. 10.10, 19.10 Біз 11.10. След 11.50, 21.30. «Возвращение». 12.30. Көзқарас 13.10. Білгенге маржан... 14.00 Әр үйдің сыры басқа. 14.45. Музыкальные путешествия 15.10. Мать и мачеха 16.20. Д.с. 16.50. Подари детям жизнь... 17.15, 18.15 Сүлеймен сұлтан 20.30 Жаңа қоғам. 22.10. След 23.00. Көзкөрген. 23.45. Д.ф.

**ЕЛ АРНА**
8.30, 18.00 Ән арна 9.25. Құрбылар. Т.с. 10.45. Сенім. Білім. KZ 11.05. Д.с. 11.40. Плющихадегі үш бәйтерек 12.50, 22.10. «25 шақырым» 13.30, 19.00, 00.15. Жар@йсың 14.00. Дон И. 15.10. Әйелдің бәрі әдемі... 15.50. Кубок Президента РК 19.30. Қазақ елі 19.50. Что наша жизнь... 20.20. Ерлердің ісі бітер ме? 21.00. Гу әулетінің шежіресі 22.45 «Столкновение». Х.ф.

**КТК**
6.10. Қайран заман! 7.15 Япыр-ай! 08.15 Айкуне 08.30, 20.30 Жаңалықтар. 9.00, 12.40, 23.40 Рейдер 9.25 Бесценное время 11.00 Семейные драмы 12.00, 21.00 Новости 13.05. Глухарь 14.00 Давай поженимся! 15.00 Махаббат мұңы 16.00 Сыла 17.00 Япыр-ай! 18.00, 19.15. Қайран заман! Жалғасы. 21.45 Ключи от счастья 23.55 Глухарь 01.00. Обзор матчей Лиги Чемпионов УЕФА. 01.30. Дига Чемпионов УЕФА. 03.35. Лига Чемпионов УЕФА.

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**
7.00. Доброе утро 11.00, 15.15, 18.45 Новости 11.05 Время обедать 11.45 Модный приговор 12.45 Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде 13.15 Үй болу қиын 14.00 Туған елдің түтіні 15.00, 18.30 Жаңалықтар 15.30 Судебные истории 16.25 Истина где-то рядом 16.45. Давай поженимся 17.50, 23.00. Караоке такси 19.00 Дом у большой реки 20.00 Карпов 21.00 Новости 21.30 Туған елдің түтіні 22.30 Жаңалықтар 23.30 Айналайын 00.10 Третья мировая 02.20 Версия 03.10.В наше время 03.55 Большая перемена. 05.00 Жить здорово.

**АСТАНА**
7.00, 07.30, 10.00, 13.00, 14.00, 20.00, 20.30 Жаңалықтар 8.00 Казнет 8.25 Домашние войны 9.00, 10.10, 16.50 Соңғы саяхат 10.20. М.ф. 10.30, 18.00 Жүрек жарған 11.30, 19.00 Қыз ғұмыры 12.20 Мы вместе 12.40. Громкое дело 13.10 Сырласу 14.10 Кулинар 16.00 Элина 21.00 Кулинар 23.00 Разбивающая сердца 00.00 Красавчик.

## БЕЙСЕНБІ 12 желтоқсан

**Қазақстан-Қызылорда**
7.40 Жаңалықтар 08.30 М/с «Оливер Твист» 09.00 Балапан 09.55 Ғажайып өмір 10.45 Бала күтуші 11.40 Ұлы бақыт 12.00 Алаш алыптары 13.00 Бірегей 13.30 Жаңалықтар 14.10 Жаңа күн 18.00 Жаңалықтар 19.00 Алаш алыптары 20.00 Туған жер-түнған шежіре 20.30 Еңбек түбі- береке 20.50 Салық және халық 21.00 «17» жастар бағдарламасы 21.30 Жаңалықтар 22.25 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыс 00.00 «Қорқыт» д/ф.

**ҚАЗАҚСТАН**
7.00 Таңшолпан 8.00, 9.30. 12.30, 17.30, 20.30 Жаңалықтар 9.45, 21.50 Әпке 10.40 Айтуға оңай... 11.25, 15.55 Шыңғыс хан 12.45 Агробизнес 13.10. Біз қазақша сөйлейміз 13.55. Жанында жүр жақсы адам 14.25. Томпақ 14.55. Әйел бақыты 17.00 Ұлттық экономика және халық 17.50, 20.20. Еңбек түбі – береке 18.00 Қылмыс пен жаза. 18.30. Қазығұрт 19.00 Шетелдегі қазақ балалары 19.35 Ұстаз 21.05 Айтуға оңай 22.40 Келін 23.30, 02.10 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.35. Дэн аға.

**ХАБАР**
7.00. Жаңа күн. 09.00, 11.00 Жаңалықтар 09.10. Д.с. 9.40. Жаңа қоғам 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.20, 00.40. Жаңалықтар. 10.10 Біз 11.10 След 11.50, 21.30. «Возвращение» 12.30. Көзқарас. 13.10. Білгенге маржан... 14.00 Әр үйдің сыры басқа 14.45. Музыкальные путешествия 15.10. Мать и мачеха 16.20. Д.ф. 16.50. Подари детям жизнь... 17.15, 18.15. Сүлеймен сұлтан. 19.15. «Біз» 20.30 Лидер тюркского мира. 22.35. След. 23.50. Менің жерім.

**ЕЛ АРНА**
8.30, 18.00 Ән арна 9.25 Құрбылар 10.50 М.ф 11.05. Д.с. 11.40 Қилы кезең 12.50, 22.10 «25 шақырым» 13.30, 19.00 Жарайсың 14.00. Ерлердің ісі бітер ме? 14.40, 17.00. Жылдың басты оқиғалары. 14.50. Кубок Президента РК 17.10 Закрытая школа 19.30. Побочный эффект 19.50. Әзіл тюб. 20.20. Пятый угол 21.00. Гу әулетінің шежіресі. 22.45. Безусловный Х.ф.

**КТК**
